

Дәрігерді жақын еткен дәуір



АЙТЫЛДЫ –
ОРЫНДАЛДЫ

нақты мысалдардан да аңғаруға болады. Шет аудандық ауруханасының 25-учаскесіндегі жалпы тәжірибе дәрігері Нұргүл Нығметтің айтуынша, мұндай мүмкіндік жүрек-қан тамыры ауруларына шалдыққан науқастар үшін де маңызды.

– Менің емделушім қан қысымының қатты көтерілуі, құлағындағы шудың естілуі, жүрек тұсындағы ауырсыну шағымдарымен келді. Біз бұл кісіге қажетті зерттеулер жүргізіп, МӘМС жүйесі арқылы телемедицина көмегімен кардиологтан кеңес алдық.

Кеңес барысында кардиолог дәрігер артериялық қан қысымының үшінші дәрежесі деген диагноз қойып, қажетті дәрілерін тағайындады. Қазір МӘМС жүйесі арқылы тегін дәрілерін алып, уақытылы қабылдап жүр. Қазіргі кезде қан қысымы тұрақты, – дейді дәрігер Нұргүл Нығмет.

Науқастың өзі де көрсетілген көмектің уақытылы болғанын айтады. Ақсу-Аюлы кентінің тұрғыны Зәуреш Мусина үшін облыс орталығына арнайы барып, кардиолог іздеудің қажеті болмаған. Аудандық дәрігердің көмегімен Қарағандыдағы маманмен онлайн байланысып, қажетті кеңес алған.

– Мен осы жерде өзімнің емдеуші дәрігерім Нұргүл Нығметке келіп, жағдайымды айтып, ауырған жерлерімді түсіндірдім. Содан кейін Қарағандыдағы дәрігермен онлайн байланысып, компьютер арқылы кардиологпен сөйлестім.

Телемедицина қолжетімді екен. Шет аудандық ауруханасының бас дәрігеріне де алғысым шексіз. Әсіресе, қалаға бара алмайтын адамдар үшін осындай мүмкіндік жасағандары өте дұрыс болды, – деді Зәуреш Мусина.

Бұл бір ғана мысал болғанымен, телемедицинаның ауыл медицинасына әкеліп отырған өзгерісін көрсетеді. Мұнда мәселе технологияда ғана емес. Ең бастысы – аудандық медицина қызметкерінің қолындағы мүмкіндіктің кеңеюінде.



болса, енді дәрігермен қашықтан байланысып, қажетті көмекті өз ауданында алады.

Дерекке сүйенсек, Бұқар жырау ауданында телемедицина қызметін 436 адам пайдаланды. Соның ішінде, 34 адам диспансерлік есепке алынды, 29 науқас ем алды, 275 адам қосымша тексеруге жіберілді. Алдын ала есеп бойынша, тек осы ауданда тұрғындардың жолға және мамандандырылған медициналық көмек алу үшін қалаға баруына кететін шығыннан шамамен 4,36 млн теңге үнемделген.

Телемедицинаның облыстың ауылдық жерлерінде қаншалықты қажет екенін Шет ауданындағы тәжірибеден де көруге болады. Жоба алғаш сынақтан өткен бұл ауданда қазір жүйе медициналық ұйымдардың күнделікті жұмысына еніп келеді.

Шет аудандық ауруханасы жалпы тәжірибелі дәрігерлер бөлімшесінің меңгерушісі, Шет ауданы аумағындағы телемедицина жобасының жетекшісі Меруерт Өбішева телемедицина жобасының аудан бойынша маусым айынан бастап толық енгізілгенін айтады.

– Шет ауданы бойынша телемедицина нүктелерімен 18 елдімекен қамтылған. Оның ішінде, аудан орталығындағы орталық аурухана, Ақадыр кентіндегі ауылдық аурухана, алты дәрігерлік амбулатория – Ақжал, Красная Поляна, Нұраталды, Мойынты, Өспен, Жарық және

он фельдшерлік-акушерлік пункт бар, – деп атап өтті Меруерт Өбішева.

Телемедицина – дәрігер мен пациенттің немесе медицина қызметкерлерінің қашықтан байланысып, медициналық кеңес алуына мүмкіндік беретін заманауи медициналық қызмет. Яғни, пациенттің міндетті түрде басқа қалаға баруының қажеті болмайды. Қажет болған жағдайда оның медициналық мәліметтері электронды түрде бейінді дәрігерлерге жіберіліп, қашықтан кеңес алуға болады.

Сыртқы кеңес беру жұмысы облыстың клиникалық ауруханасының, Х.Мақажанов атындағы көпсалалы аурухананың, облыстық кардиохирургия орталығының, облыстық онкологиялық аурухананың мамандарымен жүргізіледі. Олардың қатарында кардиолог, онколог, невропатолог, нейрохирург, травматолог, окулист сияқты бейінді дәрігерлер бар.

Ішкі кеңес беру жұмысы аудандық мамандармен – травматолог, невропатолог, окулист, инфекционист, кардиологтармен жүргізіледі. Емделуші өз ауылындағы медициналық ұйымға жүгінеді. Медицина қызметкерлері пациентті тексеріп, қажет болған жағдайда бейінді дәрігерлерден қашықтан кеңес алады.

Шет ауданында қазіргі таңда 78 сыртқы және 67 ішкі кеңес жұмысы өткізілген.

Телемедицинаның тиімділігін

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Самат Кенжибаевтың айтуынша, телемедицина жүйесін дамыту жұмысы алдымен Шет ауданында сынақ ретінде басталып, бүгінде облыстың барлық ауылдық аумағына тараған.

– Жобаны жүзеге асыруға 264 млн теңге бөлінді. Бүгінде 117 медициналық нысан телемедицина жүйесіне қосылған. Соның арқасында ауылдарда тұратын 170 мыңнан астам адам облыстық деңгейдегі дәрігерлердің кеңесін қашықтан алады. Жоспарланған 117 телемедицина кешенінің барлығы орнатылды. Бүгінге дейін телемедицина арқылы 1648 адам тексеріліп, 14 мыңнан астам зерттеу жүргізілді. Нәтижесінде 66 адам алғаш рет диспансерлік есепке алынды, 76 науқасқа қажетті ем тағайындалды, тағы 816 адам консультациялық-диагностикалық көмек алды, – дейді Самат Кенжибаев.

Телемедицинаның маңызды мүмкіндігінің бірі – аудан дәрігерлерінің облыстағы мамандармен тікелей байланысуы. Қазірдің өзінде 402 науқасқа 469 консультациялық-диагностикалық қызмет көрсетілген.

Бұл, әсіресе, ауданда қажетті бейінді маман болмаған жағдайда өте тиімді. Бұрын науқас кеңес алу үшін Қарағандыға баруға мәжбүр

Бизнеске кең өріс

Қарағандыда «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының Ашық есік күні өтті. Іс-шара барысында облыстың түпкір-түпкірінен келген кәсіпкерлер бизнесті қаржыландыру, мемлекеттік қолдау тетіктері және жеңілдетілген несие бағдарламалары бойынша кеңес алды. Кәсіпкерлер қаржы институттары мен мемлекеттік органдардың өкілдеріне өздерін толғандырған сауалын қойып, тікелей пікір алмасты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қаржыландыруда жаңа мүмкіндіктер

Бүгінде шағын және орта бизнестің дамуы өңір экономикасының маңызды бағытының бірі. Кәсіпкерлер үшін қаржыға қолжетімділік, пайыздық мөлшерлемені төмендету, кепілдік мәселесі және бизнесті жүргізуге қажетті білім алу өзекті болып отыр. Осы бағыттардың әрқайсысы бойынша «Даму» қоры түрлі құралдарды ұсынып келеді.

2026 жылы Қор «Іскер аймақ» және «Өрлеу» қаржыландыру бағдарламаларын жүзеге асыруда. «Іскер аймақ» бағдарламасы бойынша бір жобаға 200 млн теңгеге дейін қаржы қарастырылған. Субсидиялау мөлшері үш жылға дейінгі мерзімге номиналды сыйақы мөлшерлемесінің 40 пайызын құрайды. Бағдарлама іске қосылғаннан бері 821 млн теңге сомасына 18 жоба қолдау тапқан. Қазір 4,6 млрд теңгенің 48 жобасы банктердің қарауында.

Облыс әкімдігінің қолдауымен аймақ аудандарының қажеттілігіне қарай қосымша экономикалық қызмет түрлері де бекітілген. Бұл қолдау көрсетілетін бағыттардың аясын кеңейтіп, аудан орталықтары мен ауылдардағы кәсіпкерлік жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Бүгінде осы бағытта сүт өнімдерін өндіретін «Тонус КЗ» ЖШС, қанықтыр банктер өндіретін «Магнитка» ЖШС және аяқ киім тігетін «Дорош» ЖК сияқты жобаларға қолдау көрсетілген.

«Өрлеу» бағдарламасы бойынша инвестициялық мақсаттарға жылдық 12,6 пайыздық мөлшерлемемен 7 млрд теңгеге дейін қаржы алуға болады. Қаржыландыру мерзімі 10 жылға дейін жетеді. 2026 жылы аталған бағдарлама аясында жалпы сомасы 1,8 млрд теңге болатын 12 жоба қолдау тапқан.

«Даму» қорының тағы бір маңызды құралы – кепілдік беру. Кепілзаты жеткіліксіз кәсіпкерлерге Қор несие сомасының 85 пайызына дейін кепілдік бере алады. Бұл, әсіресе, кәсібін енді кеңейтіп, жаңа өндіріс ашуға немесе жұмыс істеп тұрған жобасын ұлғайтуға ниетті кәсіпкерлер үшін маңызды мүмкіндік. 2026 жылы жалпы сомасы 14 млрд теңгеден асатын 70 кепілдік берілген.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Ербол Ескаковтың айтуынша, кәсіпкерлер үшін қаржылық қолдау құралдарын қолжетімді етуге басымдық беріліп отыр.

– Атап айтқанда, кәсіпкерлерге кепілдік беру тетігін белсенді жүзеге асырамыз. Бұл – кепілдік мүлкі жеткіліксіз кәсіпкерлер үшін маңызды қолдау. Сонымен қатар, пайыздық мөлшерлемесі төмендетілген жеңілдетілген несие беру құралдары да қарастырылған, – дейді Ербол Ескаков.

Кеңес те маңызды

Кәсіпкерлікті қолдау тек қаржыландырумен шектелмейді. Қор қаржылық емес қолдау шараларын да жүзеге асырып келеді. Жыл басынан бері «Даму» қорының Қарағанды облысы бойынша филиалы кәсіпкерлерге кеңес беру бағытында 1000-нан астам шара өткізген. Ал, Қордың оқыту курстарынан 1488 адам өтіпті.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Қарағанды облысы бойынша өңірлік филиалының директоры Мұхамед Абдуллиннің айтуынша, кәсіпкерлерге қажетті ақпаратты тікелей елдімекендерде ұсынуға мүмкіндік беретін «Мобильді фронт-офис» жобасының да маңызы зор.

– «Даму» қоры бүгінде мемлекеттік қолдаудың бірнеше бағытын жүзеге асырып келеді. Олар – сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау, жеңілдетілген несие беру, кепілдік ұсыну және қаржылай емес қолдау шаралары. Одан



бөлек, кәсіпкерлерге арналған оқыту курстарын өткіземіз. Мобильді фронт-офистер жұмыс істейді. Яғни, аудан орталықтарына барып, кәсіпкерлерге сол жерде кеңес береміз, – дейді Мұхамед Абдуллин.

«Мобильді фронт-офис» бағдарламасы аясында Қор мамандары екінші деңгейдегі банктермен, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен, «Аграрлық несие корпорациясымен», «ҚазАгроҚаржымен» және «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясымен бірлесіп, аудан, монокала және ауылдарға барып, кәсіпкерлерге тікелей кеңес береді.

Жыл басынан бері облыстың шалғай аудандары мен ауылдарындағы 250-ден астам кәсіпкер осы форматта консультациялық қолдау алған.

Кәсіп һәм кәсіпкерлік

Ашық есік күніне қатысқан кәсіпкердің бірі – «Автоматическое Котлы Горняк» ЖШС директоры Даниил Березин. Ол мемлекеттік қолдау құралдары кәсіпорынның дамуына мүмкіндік бергенін айтады.

– Қалай болғанда да, мемлекеттік қолдау тетіктері мен субсидиялар болған

кезде компаниялардың дамуына әлдеқайда жеңіл. Біз осындай бағдарламаларға белсенді түрде қатысуға тырысамыз. «Даму» қорының қолдауының арқасында өндірістік ғимарат сатып алдық. Бұл бізге алға жылжуға, өндірісімізді дамытуға және қосымша жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беріп отыр, – деп атап өтті Даниил Березин.

Кәсіпкер үшін қаржыландырудың қолжетімді болуы – өндірісті ұлғайтып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға да жол ашады. Мұндай жобалардың өңір экономикасына әсері де осы тұста көрінеді.

Ашық есік күніне Нұра ауданынан келген кәсіпкер Бахтияр Насыпбекұлының да негізгі мақсаты – кәсібін кеңейту. Ол білім беру саласында жұмыс істейді. Нұра кентінде жекеменшік «Балажан» балабақшасы бар. Қазіргі таңда балабақша 52 балаға арналған.

Кәсіпкер енді екінші балабақшаны ашуды жоспарлап отыр. Ол үшін мемлекеттік қолдау бағдарламаларының мүмкіндіктерін зерделеп, қажетті қаржыландыру тетігін қарастыруда.

– Бүгін «Даму» қорының ұйымдастырған шарасына екінші балабақша ашу

Еңбек маусымы жабылды

Шахтинск қаласында «Жасыл Ел» жастар жасақтарының 2026 жылғы еңбек маусымының жабылу рәсімі өтті. Биылғы қорытынды шара ерекше форматта ұйымдастырылды. Коворкинг орталықта Шахтинск қаласының әкімі Мұрат Қыдырғанбеков «Жасыл Ел» сарбаздарымен бейресми жағдайда кездесіп, олармен еркін пікір алмасты.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесу барысында сарбаздар еңбек маусымынан алған әсерлерімен бөлісіп, қала әкімімен ашық форматта әңгімелесті. Қала әкімі жастарға қаланың тазалығы мен абаттандырылуына қосқан үлесі, сондай-ақ, «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бастамасының идеяларын іске асыруға белсенді атсалысқаны үшін алғыс білдірді.

Еңбек маусымының қорытындысы бойынша белсенділігімен және еңбегімен ерекшеленген 50 үздік сарбазды Шахтинск қаласының әкімі Мұрат Қыдырғанбеков пен қалалық Жастар ресурстық орталығының басшысы Айтуар Қуат марапаттады. Сарбаздарға Алғыс хаттар мен ақшалай сертификаттар табысты. Сонымен қатар медиа бағытта ерекше белсенділік пен креативтілік танытқан бес жас «Үздік медиасарбаз» марапатына не болып, бағалы сыйлықтар алды.

2026 жылғы еңбек маусымында қаланың «Жасыл Ел» жасақтарында барлығы 250 сарбаз еңбек етті. Оның 175-і халықтың әлеуметтік осал топтарының өкілдерінен. Олардың қатарында ерекше қажеттілігі бар 1 жас та еңбек маусымына белсенді қатысты.

Маусымның жабылуы келесі күні ауқымды экологиялық сенбілікпен жалғасты. Шахтинск қаласында, сондай-ақ, Шахан, Долинка және Новодолинский кенттерінде өткен тазалық жұмыстарына «Жасыл Ел» сарбаздары мен жергілікті тұрғындар қатысып, өңірдің тазалығы мен абаттандырылуына өз үлестерін қосты.

Шахтинск қаласындағы «Жасыл Ел» жастар еңбек жасақтарының 2026 жылғы еңбек маусымы жастардың еңбекке деген жауапкершілігін, туған өлкеге деген жанашырлығын және қоғамдық өмірге белсенді араласуға деген ұмтылысын тағы бір мәрте көрсетті.

ШАХТИНСК

Сурет ұйымдастырушылардан



мақсатында келіп отырмын. Кәсібімді кеңейтім келеді. Осы мақсатта құрылыс жұмыстарын бастап кетуге байланысты бағдарламаның мүмкіндіктерін қарастырамын. Өзірге балабақшамызда 15 адам жұмыспен қамтылған. Олардың арасында тәрбиеші, аспаз, күзетші және басқа да қызметкерлер бар. Екінші балабақшаны ашу арқылы жұмыс орындарының санын да арттыру жоспарда, – дейді Бахтияр Насыпбекұлы.

Диалог алаңы

Ашық есік күнінің тағы бір ерекшелігі – кәсіпкерлердің мемлекеттік органдар мен қаржы ұйымдарының өкілдеріне тікелей сауал қоюына мүмкіндік берілуі. Кәсіпкерлер өз жобаларын таныстырып, қаржыландыру талаптары, субсидиялау, кепілдік беру және басқа да мемлекеттік қолдау шаралары бойынша нақты ақпарат алды.

Әсіресе, ауданнан келген бизнес өкілдері үшін қаржы ұйымдары мен мемлекеттік институттардың мамандарымен тікелей сөйлесудің маңызы зор.

«Даму» қорының мәліметінше, облыста кәсіпкерлікті қолдау бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады. Қаржыландыру, кепілдік беру, пайыздық мөлшерлемені субсидиялау, оқыту және консультациялық қолдау сияқты құралдар бизнестің түрлі кезеңіндегі кәсіпкерлерге бағытталған.

Ашық есік күні де осы мүмкіндіктерді кәсіпкерлерге түсіндіруге және олардың нақты сұрақтарына жауап беруге арналды. Кездесу қорытындысында бизнес өкілдері өз жобаларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат алып, мемлекеттік қолдау шараларын пайдалану жолдарын нақтылады.

Суретті түсірген автор

• ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

Елдік іске елеулі мән беріледі

Қарағанды облыстық мәслихатында өнеркәсіп, шағын және орта бизнесті дамыту, аграрлық және жер мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның жұмыс отырысы өтті. Келелі жиынды комиссия төрағасы Серғазы Әдеkenов ашып, күн тәртібіндегі мәселелерді ортаға салды. Мәжіліс залына облыстың бейінді басқармалары мен департаменттерінің басшылары, облыстық қоғамдық кеңес мүшелері жиналса, өңірдің қалалары мен аудандарындағы әріптестер талқылауға Zoom платформасы арқылы онлайн қосылды. Қалалық және аудандық мәслихаттар төрағалары да ортақ әңгіме ауанына араласып, өңір үшін өзекті мәселелерді бір арнаға тоғыстырды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа тәртіптің жүгі қандай?
Депутаттар назарына алғашында несіз жүрген жануарлардың тағдырына тікелей қатысты мәселелер ілікті. Баяндама жасаған ветеринария басқармасының басшысы Амандық Жакетаев өңірдегі қолданыстағы қағидаларға енгізілетін өзгерістердің жай-жапсарын таныстырды. Бұл реттегі негізгі бастау нүктесі – 2026 жылғы 19 мамырда Қазақстан Республикасының «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңына енгізілген өзгерістер. Соған сәйкес, 2026 жылғы тамызда Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі жануарларды аулау, уақытша ұстау және жою тәртібіне, сондай-ақ, үй жануарларын ұстау мен серуендетудің типтік қағидаларына түзетулер енгізді. Осыған орай, облыстық ветеринария басқармасының алдына өңірлік деңгейде қолданылып келе жатқан талаптарды жаңа типтік нормаларға сәйкестендіру міндеті қойылды. Атап айтқанда, облыстық мәслихаттың сонау 2022 жылғы желтоқсанда қабылдаған №277 және №276 шешімдерімен бекітілген қағидалар қайта қаралды.

Жаңашылдықтың бірі – қараусыз жүрген жануарлардың санын реттеу тәртібі-



Қырман қамы

Күн тәртібіндегі ең басты тақырып орақ науқанының барысы еді. Осы тұрасында ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Ануар Тютубеков баяндама жасады.

әрі өңірдің егіншілік саласындағы мерейін айшықтайтын үш ауданның жай-күйі таразыланды. Мәселен, Осакаров ауданы – облыстағы астық өндіруден көш бастап тұрған ірі аграрлық өңір. Биыл облыстағы барлық дәнді дақыл алқабының 44 пайы-

155 центнер өнім алынған. Өткен жылы аудан 39,9 мың тонна астық жинап, гектарына 10,3 центнер өнім алған. Картоп түсімі 133,6 мың тоннаны құрап, өнімділік 238,8 центнерге жеткен. Ал көкөніс түсімі 36,2 мың тонна болып, әр гектардан 409,6 центнер өнім алынған.

Алайда, биылғы қуаңшылықтың сабағы тек бүгінгі өнім көлемі мен шаруалардың қаржылық жағдайын талдаумен шектелмейді. Ауа райының құбылмалы сипаты мен жауын-шашынның азаюы егіншіліктің табиғи жағдайға тәуелділігін төмендетудің жолдарын да күн тәртібіне шығарып отыр. Осы ретте депутат Игорь Жабяк суармалы егіншілікті дамытуға айрықша мән беру қажеттігін айтты.

– Қуаңшылықтың жиілеп, жауын-шашын мөлшерінің азаюы жағдайында суармалы егіншілікті дамытуға ерекше көңіл бөлу қажет. Суармалы жерлердің көлемін кеңейтіп, суару инфрақұрылымын жаңғыртып, суды үнемдейтін заманауи технологияларды енгізу керек деп санаймын. Бүгінде суаруға салынған

Заңның жаңаруы – мәселенің шешімі де, оны шешудің жаңа тәртібіне бастайтын межелі белес те. Тек сол тәртіптің қалай орындалатыны жергілікті атқарушы органдардың жұмысына, өкілді биліктің байыпты шешіміне, қоғамның ұстанымына да тікелей байланысты. Сондықтан, комиссия отырысында нақтыланған талаптар – өңірдегі жауапкершіліктің жаңа өлшемін қалыптастыруға жасалған қадам ретінде бағаланбақ. Сайып келгенде, заңнаманың жаңаруы – мәселенің түйінін тарқататын жаңа тәртіпке бастайтын межелі белес.

зы осы ауданға тиесілі. Мұнда 378,2 мың гектарға дәнді дақыл, 84,7 мың гектарға майлы дақыл, 1,49 мың гектарға картоп егілген. Бүгінде ауданда 126,7 мың тонна астық бастырылып, әр гектардан орта есеппен 5,6 центнер өнім алынған. Сондай-ақ, 9 мың тонна картоп жиналып, өнімділік гектарына 180 центнерді құрады.

Нұра ауданы болса, облыстағы дәнді

инвестиция – ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдаудың да, өңірдің азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің де маңызды тетігі. Егістіктің өнімділігі ауа райына барынша аз тәуелді болатындай жағдай қалыптастыруымыз қажет, – деді депутат.

Қырман қамы асығыстықты әсте кө-



не қатысты. Басқарма басшысының түсіндіруінше, мысықтарды қоспағанда, несіз жануарларды жоюдың тәртібі мен мерзімін белгілеу құқығы енді жергілікті өкілді органдардың, яғни, мәслихаттың құзыретіне берілмек. Талқылау қорытындысы бойынша комиссия қараусыз жүрген жануарлардың санын реттеу кезінде, оларды заңнамада белгіленген тәртіппен және бес күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде өлтіруді ұсынды. Бұл талап «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңның 8-бабы 2) тармақшасы мен 15-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес белгіленген.

Заңның жаңаруы – мәселенің шешімі де, оны шешудің жаңа тәртібіне бастайтын межелі белес те. Тек сол тәртіптің қалай орындалатыны жергілікті атқарушы органдардың жұмысына, өкілді биліктің байыпты шешіміне, қоғамның ұстанымына да тікелей байланысты. Сондықтан, комиссия отырысында нақтыланған талаптар – өңірдегі жауапкершіліктің жаңа өлшемін қалыптастыруға жасалған қадам ретінде бағаланбақ. Сайып келгенде, заңнаманың жаңаруы – мәселенің түйінін тарқататын жаңа тәртіпке бастайтын межелі белес. Сонымен бірге, аталған мәселе бойынша әзірге облыстық мәслихат сессиясына шығару көзделмейді. Комиссия шешіміне сәйкес, заңнамада көзделген қажетті рәсімдер мен келісу жұмыстары жүргізілгеннен кейін ғана «Қарағанды облыстық мәслихатының 2022 жылғы 8 желтоқсандағы №277 «Қарағанды облысының аумағында жануарларды аулау, уақытша ұстау және өлтіру қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы» мәселе тұрақты комиссияның бірлескен отырысының қарауына ұсынылмек. Осылайша, депутаттар талқылаудың келесі кезеңіне дейін құқықтық және ұйымдастырушылық тетіктердің толық пысықталуына басымдық беріп отыр.

– Биылғы көрсеткіштер табиғатпен тайталастың таразысы іспетті. Биыл облыс бойынша дәнді дақылдарды 904,5 мың гектар алқаптан жинау жоспарланған. Оның 759,4 мың гектарына бидай, 130,3 мың гектарына арпа, 10,2 мың гектарына сұлы егілген. Егіс алқаптарын әртараптандыру бағдарламасы аясында майлы дақылдардың көлемі де айтарлықтай ұлғайды. Бұдан бөлек, өңір шаруалары 12,1 мың гектардан картоп, 1,2 мың гектардан көкөніс жинайды. Алайда, биылғы жаз диканға жайлы бола қойған жоқ. Ұзаққа созылған қуаңшылық салдарынан жауын-шашын мөлшері қалыпты деңгейдің 30 пайызына да жетпеді. Оның үстіне аптап ыстық 37-38 градусқа дейін көтерілді. Мұндай табиғи жағдай шаруаларды орақты әдеттегіден ертерек бастауға мәжбүр етті, – деді спикер.

Депутаттар Ермек Әбділин, Игорь Жабяк пен Меруеш Башай, сондай-ақ, сала ардагері Никанбай Омарханов биылғы күрделі жағдайдың шаруашылықтардың қаржылық ахуалына әсерін ерекше атап өтті. Әсіресе, өнімділік төмендеген осындай жылы шаруаларды несие міндеттемелерін өтеу мәселесі өткір тұрғанын айтып, ауыл еңбеккерлеріне түсетін қаржылық салмақты жеңілдетудің маңыздылығына назар аударды.

– Биылғы ауа райы ауыл шаруашылығы үшін айтарлықтай күрделі болып отырғаны мәлім, әрине. Қуаңшылық пен аптаптың салдарынан өнімділік төмендеп, бұл өз кезегінде шаруашылықтардың қаржылық жағдайына әсер ететіні анық. Сондықтан, шаруаның бүгінгі түсімін ғана емес, ертенгі міндеттемесін де ескеруіміз керек. Әсіресе, несие алған шаруашылықтарға түсетін салмақты жеңілдету, төлем мерзімдерін қайта қарау мәселесі назардан тыс қалмауы тиіс, – десті олар.

Комиссия отырысында аграрлық нақанның негізгі салмағын көтеріп отырған



дақыл алқаптарының 33,3 пайызын және картоп алқаптарының 10 пайызын қамтып отыр. Биыл ауданда 300,8 мың гектарға дәнді дақыл, 15,7 мың гектарға майлы дақыл, 1,21 мың гектарға картоп егілген. Қазірдің өзінде аудан дикандары 105,3 мың тонна астық бастырып, гектарына орта есеппен 6 центнер өнім жинады. Картоп түсімі әзірге 4 мың тонна, өнімділік – гектарына 200 центнер.

Абай ауданы облыстың басты «көкөніс қоймасы» деуге лайық. Өңірдегі картоптың 46,1 пайызы, көкөністің 85 пайызы осы ауданның үлесінде. Биыл мұнда 5,58 мың гектарға картоп, 1,02 мың гектарға көкөніс және 42,2 мың гектарға дәнді дақыл егілген. Бүгінде Абай ауданында 16,2 мың тонна астық жиналып, өнімділік гектарына 5,5 центнерді құрады. Картоп түсімі 14 мың тоннаға жетіп, әр гектардан орта есеппен

термейді. Қырдың тіршілігі адамға сабырды да, жауапкершілікті де қатар үйретеді. Қуаңшылық жұмысты саналы деңгейде үйлестіруге меңзесе, жаңа заң талаптары қоғамнан адаммен бірге өмір сүріп жатқан, бірақ, несіз қалған жануарларға деген көзқарасын қайта таразылауды талап етті. Облыстық мәслихат депутаттары жауапкершіліктің зорлығын айқындады. Өңір үшін қамқорлықтың сөз күйінде қалмай, күнделікті іске айналатын шағы осыдан басталмақ. Депутаттар талқылаған мәселелер мен қабылданған ұсынымдар соған жол ашса, даладағы бүгінгі еңбек те, заңдағы бүгінгі өзгеріс те ертенгі күннің игілігіне қызмет етпек. Түп нәтижесін алдағы уақыт көрсетеді.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• РЕСМИ

ҚКДИ зерттеуі: қазақстандықтардың 86,7%-ы Президентке сенім білдіреді

Қазақстандықтардың басым бөлігі негізгі мемлекеттік институттарға сенім білдіреді және елдегі жағдайды оң бағалайды. Бұл Қазақстандық қоғамдық даму институты жүргізген 2026 жылдың III тоқсанындағы қоғамдық-саяси жағдайдың негізгі индикаторлары зерттеуінің нәтижелерімен расталады.

Ел Президентіне деген сенім деңгейі өсіп келеді – 86,7%. Өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда, бұл көрсеткіш 3 пайыздық тармаққа өсті.

Сенімнің жоғары деңгейі негізінен енгізіліп жатқан өзгерістердің ұдайы қоғам назарында болуымен байланысты. Респонденттердің 65,8%-ы Президенттің бастамалары туралы ақпаратты тұрақты түрде немесе оқтын-оқтын алып тұрады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бірқатар бастамалары, оның ішінде өткен жылы Қазақстан халқына Жолдауында айтылып, қазіргі уақытта іс жүзінде іске асырылып жатқан бастамалары азаматтар тарапынан қолдау тауып отыр.


Үшінші тоқсан қорытындысы бойынша ең көп қолдау тапқан үш бастаманың қатарына бір палаталы Құрылтайға көшу, 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялау, сондай-ақ «Ұлттық қор – балаларға» жобасы аясында тұрғын үй жағдайын жақсартуға және білім алуға арналған қаражатты есептеу және пайдалану бастамалары кірді.

Технологиялық даму, атом энергетикасы, білім мен ғылым саласындағы, сондай-ақ, «Таза Қазақстан» аясында іске асырылатын бастамалар айтарлықтай қоғамдық қызығушылық тудырып отыр.

Осылайша, қолдаудың жоғары деңгейі ел дамуының жалпы бағытына ғана емес, институционалдық құрылымға, жаңа технологияларға, адами капиталға және азаматтардың өмір сүру сапасына қатысты нақты шешімдерге де қатысты болып отыр.

Жалпы алғанда, III тоқсанның нәтижелері мемлекеттік институттарға деген сенім деңгейінің тұрақты сақталғанын және елдегі ахуалдың негізінен оң қабылданатынын көрсетеді.

Сауалнама 31 шілде мен 16 тамыз аралығында жүргізіліп, Қазақстанның 18 жастан асқан ересек тұрғындарының жынысы, жасы, елдімекен түрі және тұрғылықты өңірі бойынша құрылымын көрсететін ұлттық іріктеме негізінде 2 400 респондентті қамтыды. Іріктеменің ең жоғары ауытқу шегі 95% сенімділік ықтималдығында ±2%-дан аспайды.



ЖИ мектебі ашылды

Қарағандыда жасанды интелект пен бағдарламалауды тегін меңгеруге мүмкіндік беретін мектеп жұмысын бастады. Tomogrow School мектебі Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің базасында облыс әкімдігінің қолдауымен құрылды.

Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұнда білім алушылар жасанды интелект, киберқауіпсіздік, AI-инженерия және ойын әзірлеу бағыттары бойынша білім алады.

Оқуға өтінім беру үшін Tomogrow School-дың Instagram парақшасындағы сілтеме арқылы тіркелу қажет. Құжат қабылдау 2 қазанға дейін жалғасады. Үміткерлер іріктеу кезеңінен өтеді. 5-31 қазан аралығында қатысушыларға кіріспе қарқынды оқу курсы ұйымдастырылады.

Tomogrow School-дың басты ерекшелігі – дәстүрлі сабақтар мен оқытушылар жүйесінің болмауы. Мұнда студенттер бір-бірімен білім және тәжірибе алмасып, өзара оқыту қағидаты бойынша жұмыс істейді. Бұл тәсіл командалық жұмысқа бейімделуге, өздігінен ізденуге және практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған.

Оқу мерзімі 18 айға есептелген. Осы кезеңде студенттер 50-ден астам жобаға қатысып, 20-дан астам бағдарламалау тілін меңгере алады. Олардың қатарында Go, JavaScript, Rust және Python бар.

Мектеп қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген және аптаның жеті күнінде тәулік бойы жұмыс істейді. Студенттер оқу уақытын өздеріне ыңғайлы етіп, дербес жоспарлай алады.

Ауылды агрокешен асырайды

(Соңы. Басы 1-бетте).

Ауыл шаруашылығы техникасының жаңаруы екі шаруашылыққа да өндіріс көлемін ұлғайтып, егіс жұмыстарын тиімді әрі сапалы жүргізуге мүмкіндік беріп отыр.

Шаруашылық 2014 жылдан бері жұмыс істейді. Негізгі бағыты – картоп пен дәнді дақылдар өсіру. Картоп – негізгі дақыл. Былтыр суару алаңдары біршама ұлғайтылып, бұл өз кезегінде жаңа қойма салуға негіз болған. Быыл сыйымдылығы 6 мың тонна болатын жаңа қойма салынды. Соның нәтижесінде шаруашылықтың жалпы сақтау көлемі 13 мың тоннаға жеткен.

«Достық-2009» ЖШС директоры Евгений Филиннің айтуынша, биылғы өнім көлемі әлі толық есептеліп біткен жоқ. Себебі, егін жинау жұмыстары жалғасуда. Дегенмен, қазіргі жиналып жатқан өнім өткен жылмен салыстырғанда әлдеқайда жақсы.

Мұның себебін шаруа табиғатпен тікелей байланыстырады. Ауыл шаруашылығында қанша жерді суарғаныңды, қанша тыңайтқыш енгізгенінді, қандай технология қолданғаныңды есептегенмен, соңғы сөзді бәрібір ауа райы айтады. Былтыр шаруашылық үшін оңай болмаған.

– Өткен жылы 52-53 күн бойы жаңбыр жаумады. Дәнді дақылдар мен суарылмайтын егістіктер қатты зардап шекті. Картопты арнайы құрылғы арқылы суардық. Бұл – дақылды сақтап алудың жалғыз жолы, – дейді Евгений Аркадьевич.

Қазір шаруашылық шамамен 830-850 гектар суармалы жерді игеріп отыр. Оған қоса суарылмайтын, 400 гектарға жуық аумаққа картоп пен дәнді дақылдар егілген.

Бизнес-жоспарда гектарына 300 центнерден астам өнім алу жоспарланған. Бірақ, егін жинау толық аяқталмайынша нақты қорытынды жасауға асықпайды. Ең басты міндет – қыркүйек айының соңына дейін жиын-терімді аяқтау. Өңірде бұл уақытта жаңбыр мен аяз қатар келуі мүмкін.

Күзгі даладағы уақытпен жарыс

Қазір шаруашылықта бес комбайн, онға жуық КамАЗ, трактор және картоп өндірісіне арналған арнайы техника жұмыс істейді. Жерді жыртыудан бастап, картопты егуге, қопсытуға, қарық тартуға, піскен кезде сабағын оруға, қазып жинауға, топырағынан ажыратуға, сұрыптауға, қоймаға жеткізуге дейінгі жұмыстардың басым бөлігін техника атқарады. Өнімді кейін қайта тиіс, жөнелтуге арналған құрылғылар да бар.

– Егістік басында жаңбырлатқыш машиналар да жұмыс істеп тұр. Су өзеннен алынады. Қазір үш жаңбырлатқыш машина 260 гектарға жуық картоп алқабын қамтып отыр. Қаржыландыру мәселесі шешілсе, төртінші жаңбырлатқыш машинаны қосу жоспарда. Техникалар өз өсінің айналасында қозғалып, белгілен-



Шаруашылық мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаудың бірнеше түрін пайдаланады. Тыңайтқыш пен техника алуға субсидия алады. Инвестициялық субсидия да қарастырылған. Яғни, техника сатып алуға жұмсалған қаражаттың бір бөлігі мемлекет тарапынан қайтарылады. Сонымен қатар, жеңілдетілген лизинг бағдарламалары техниканы тиімді шарттармен алуға мүмкіндік береді.

дегі өнімді жинау өте қиын болар еді.

Шаруашылық басшылығы үшін техниканың сенімділігі сондықтан маңызды. Өйткені, егін науқанында «кейін істейміз» деген мүмкіндік жоқ. Агротехникалық мерзім деген түсінік бар. Мысалы, көктемгі жұмыстардың белгілі бір бөлігін мамыр айында орындап шығу керек. Сол кезде трактор сынып қалса немесе басқа кедергі туындаса, дикан уақыттан ұтылады. Ал, ауыл шаруашылығында жоғалған уақыттың орнын толтыру оңай емес.

Бұрын шаруашылық МТЗ тракторларын сатып алып, кейін оларды жөндеуге көбірек уақыт жұмсаған. Қазір John Deere техникасына басымдық беріліпті. Бағасы қымбатырақ болғанымен, сапасы мен сенімділігіне сенім артады. Шаруа үшін кейде қымбатырақ техниканың өзі тиімді болуы мүмкін. Өйткені, далада бір техника тоқтаса, ондаған жұмысшының еңбегі тоқтап қалуы ықтимал.

Түнгі ауысымға көшкен кез

Күзгі жиын-терімнің нағыз қызған шағында ауа райы да өз дегенін істейді. Өткен жылдары қыркүйектің соңына қарай суық пен жаңбыр қатар келіп, алқапқа техника кіре алмай қалған кездер болған. Жаңбыр күн сайын шамамен жарты сағаттан жауып тұрған. Күндіз топырақ жұмсарып, ауыр техниканың жүруі қиындаған.

Бірақ, түнде топырақ сәл қатып, техниканың қозғалуына қолайлы жағдай туыпты. Шару-



ден төгіліп жатқан картопты реттеп, жұмыстың тоқтап қалмауын қамтамасыз етеді.

Шаруашылықта техниканың әрқайсысы GPS нүктелері арқылы бақыланады. Осы жүйе олардың маусым бойы белгіленген бағыттан жаңылмай жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Бір қарағанда ұсақ деталь сияқты. Бірақ, үлкен алқапта дәлдік пен бақылау – уақыт пен өнімнің кепілі.

Жер де күтімді қажет етеді

Ауыл шаруашылығы техникаға ғана сүйеніп қалмайды. Жердің өзін күтіп-баптау – өнімділіктің басты шартының

азайтуға тырысады.

Дәнді дақылдар мен картоп алқабын химиялық өңдеудің де өз тәртібі бар. Мысалы, ауа температурасы 23-24 градустан жоғары болғанда немесе жел күшейген кезде гербицид қолдануға болмайды. Желді күні шашылған препараттың тиімділігі төмендеп, қоршаған ортаға тарау қаупі де туындайды. Сол себепті, агрономдар қолайлы уақытты күтеді.

даланылады. Жел мен жаңбырлы күндері мұндай жұмыс жүргізілмейді.

Өнімді өсіру бір бөлек, өткізу – бір бөлек

Картоптың негізгісі – халық пен мейрамханалар арасында сұранысқа ие «Гала» сорты. Биыл шаруашылық алғаш рет зауыттарға өткізу үшін чипсы картобын да сынақ ретінде өсіріп көрген. Ерте пісетін «Мия» сорты да бар. Әдетте оны тамыз айында қазады. Биыл ауа райына байланысты қыркүйекте жинауға тура келген.

Жиналған өнімнің негізгі бөлігі Алматы, Шымкент қалалары мен оңтүстік өңірлерге жөнелтіледі. Қарағанды облысында картоп тұтыну көрсеткіші басқа өңірлермен салыстырғанда төмендеу. Себебі, халық саны аз және облыстың өзінде картоп өсіретін шаруашылықтар бар.

Ал, өнімді өткізу – шаруашылық үшін бөлек сынақ. Қоймаға жиналған картоптың бәрін көктемге дейін ұстап отыруға болмайды. Қараша айынан бастап, өнім базарға шығарыла бастайды. Күніне шамамен 80 тонна өткізу арқылы қорды Наурыз мерекесіне дейін сатып бітіру көзделді. Өнімді өткізіп үлгермесе, күн жылыған кезде сақтау қиындайды. Оның үстіне көктемде жаңа егіс науқаны басталады.

Қарағанды, Павлодар, Алматы және Шымкент өңірлеріндегі баға

ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші қаржыландырылды.

Аграрлар арасында сұранысқа ие «Жеңілдікті лизинг» бағдарламасында сыйақы мөлшерлемесі жылына 5 пайыздан басталады. Лизинг мерзімі 7 жылға дейін беріледі. Бастапқы жарна 10 пайыз. Сонымен қатар, аванстық төлемді кейінге қалдыру мүмкіндігі қарастырылған, – дейді Ринат Қабен.

Цифрландырудың арқасында өтінімдерді қарау процесі де жеделдеген. Өтінімдердің 90 пайыздан астамы автоматты режимде қаралады. Шешім 10 минут ішінде қабылдануы мүмкін. Бағдарлама үшін қажетті құжаттар пакеті де барынша ықшамдалған. Шаруа қожалығының құрамы туралы анықтама, мемлекеттік тіркеу куәлігі және жеткізушінің коммерциялық ұсынысы талап етіледі.

Аймақтағы қаржыландыру көлемі де жыл сайын өсіп келеді. 2024 жылы 7 миллиард теңгелік жоспардың орнына 11 миллиард теңге игерілсе, 2025 жылы бұл көрсеткіш 11,7 миллиард теңгені құраған. Ал, 2026 жылға қойылған 18 миллиард теңгелік меже қазіргі таңда 106 пайызға орындалып отыр.

Облыста қаржыландыру көлемі мен техника алу бойынша Абай ауданы алдыңғы қатарда. Сондай-ақ, Саран қаласы мен Нұра ауданы, өсімдік шаруашылығы бойынша Бұқар жырау ауданы ерекшеленеді.

Даладағы еңбек – ауылдағы табыс

Шаруашылықта тұрақты түрде шамамен 25-30 адам еңбек етеді. Жиын-терім кезінде қосымша 35-40 адам жұмысқа тартылады. Мұнда қарапайым жұмысшыдан бастап, агроном, қойма меңгерушісі, комбайншы, тракторшы, бригадир секілді түрлі қызмет иелері бар.

Ең төменгі еңбекақы шамамен 350 мың теңге болса, жоғарысы 750 мың теңгеге дейін барады. Жиын-терім науқаны кезінде жұмыс көлемі артып, жауапкершілік күшейгендіктен, еңбекақы да өседі. Науқан шамамен 25-30 күнге созылады.

Жұмысшылардың айтуынша, ауылдан ұзап кетпей-ақ еңбек етіп, табыс табуға мүмкіндік бар. Өсіресе, жиын-терім кезінде жұмыс қызады. Таңның атысы, күннің батысы егістік басында өтеді. Кейде ауа райына байланысты түнгі ауысымға шығуға тура келеді. Бірақ, еңбектің нәтижесі көз алдында тұрғандықтан, оның бейнеті де ақталады.

Ауыл еңбеккерлері мемлекет тарапынан техника алуға жасалып отырған мүмкіндікке, жұмыс берушінің еңбекті бағалап, лайықты жалақы төлеуіне ризашылық білдірді. Өйткені, ауылдағы тұрақты жұмыс – әр отбасының, тұтас елдімекеннің әлеуметтік жағдайына әсер ететін маңызды фактор.

Шаруашылықтағы суару жүйесі де бір күнде пайда болған жоқ. Жаңа қойма да бір күнде салынбады. Техника да өздігінен келмеді. Оның барлығы – шаруаның өндірісті дамытуға деген талпынысы мен мемлекеттік қолдаудың түйіскен тұсы.

Биылғы өнімнің жақсы шығуына өткен жылы салынған суару жүйесінің де ықпалы бар. Шаруашылықтағы кейбір алқаптар 20 жыл бойы тыныққан. Суару жүйесі іске қосылғаннан кейін жердің әлеуетін қайта пайдалануға мүмкіндік туған.

Демек, мол өнімде жердің жағдайы, ауа райы, су, техника, агрономның білімі мен тәжірибесі хам жұмысшының еңбегі де бар.

Халық «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп бекер айтпаған. Юбилейное ауылындағы бүгінгі тіршілік осы сөздің мәнін тағы бір мәрте дәлелдейді. Мемлекеттік қолдау шаруаның мүмкіндігін кеңейтеді, заманауи техника уақытты үнемдейді, ал, адам еңбегі сол мүмкіндікті нақты нәтижеге айналдырады.

Қара жердің қойнынан шыққан әр түйір картопта осындай үлкен еңбек бар. Сондықтан, егістік басындағы дүбір – ауылдағы еңбектің, шаруа үмітінің, өндірістің және ел дастарқанының берекесінде бастар жолдың үні.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО



ген аумақты суарады. Тиісті құбырларды тартып, суару жүйесін толық іске қостық, – дейді шаруашылық иесі.

Картопты қолмен егу мүмкін емес. Оны суару, қопсыту, арамшөптен тазарту, қазу, сұрыптау, қоймаға жеткізу де адам қолымен атқарылса, бүгінгі көлем-

ашылық жұмысшыларды түнгі ауысымға көшірген. Нәтижесінде бес-алты күн бойы картоп жинау түнде жүргізіліпті.

Әрине, мұнда да қауіп жоқ емес. Комбайнға немесе көлікке қатысты ақау шығуы мүмкін. Ондай сәтте алқаптағы мамандар бірден көмекке келеді. Бункер-

бірі.

Әсіресе, арамшөптермен күрес маңызды. Кейбір арамшөптердің тұқымы топырақта ондаған жылдар бойы сақталып, өнімділігін жоғалтпайды. Сондықтан, шаруалар күзде топырақты аударып, азрация жасау арқылы арамшөп тұқымдары мен зиянкестерді

өңдеумен мәселе толық шешіле қоймайды. Көкөніс пен дәнді дақылдарда арамшөптің екінші толқыны қайта пайда болуы мүмкін. Бұл кезеңде күрес қиындайды. Өйткені, препаратты шамдан тыс қолдану оған зиян келтіруі мүмкін.

Колорад қоңызы да картоп өсірушілердің негізгі мәселесінің бірі. Картопты отырғызу кезінде түйнектер арнайы препаратпен өңделеді. Бұл шамамен 40 күнге дейін қорғаныс береді. Одан кейін өсімдіктің вегетациялық кезеңіне қарай ауруларға қарсы және осыру-ді ынталандыратын препараттар қолданылады. Өңдеу үшін 24 метрлік шашыратқыш техника пай-

лизинг бағдарламалары техника-ның тиімді шарттармен алуға мүмкіндік береді.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Қарағанды облыстық филиалының директоры Қабен Ринат мәліметінше, 2000 жылдан 2026 жылға дейін «ҚазАгроҚаржы» АҚ Қарағанды облысына 112 миллиард теңгеден астам қаражат бағыттаған.

– 2026 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша өңірге 19 миллиард теңгеден артық инвестиция тартылды. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 21 миллиард теңгеден асыру жоспарлануда. Осы уақыт аралығында лизинг алушыларға 970 бірліктен астам техника беріліп, 480-нен астам

Қоғам рухани кемелденеді

Кітап оқу мәдениеті қалыптасқан қоғамның ойлау көкжиегі де кеңейеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елде кітап оқитын ұлт қалыптастырудың маңызын атап, оқу мәдениетін дамытуға ерекше мән беріп келеді. Осы бастаманы жүйелі түрде жүзеге асыруға бағытталған «Кітап оқитын ұлт» республикалық марафоны биыл облыста кең көлемде жалғасын тауып отыр. Білім мен руханиятты қатар дәріптейтін жобаға бүгінде өңірден 50 мыңнан аса азамат тіркелген.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысының «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын іске асыру шеңберінде биыл 2 қыркүйектен бастап, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен «Кітап оқитын ұлт» республикалық марафоны басталды. Жобаны жүзеге асыру мақсатында Қарағанды облысының әкімдігі мен «Кітап оқитын ұлт» қоғамдық қоры арасында меморандумға қол қойылған. Бұл бастама өңірде бұған дейін де кең қолдау тауып, өзінің тиімділігін көрсетті.

– 2025 жылы «Кітап оқитын ұлт» пилоттық жобасы еліміздің үш өңірінде – Қарағанды, Қостанай облыстары мен Шымкент қаласында жүзеге асырылды. Оның қорытындысы бойынша Қарағанды облысы ерекше нәтиже көрсетті. Өңірде 67 824 қатысушы тіркеліп, пилоттық аймақтар арасында ең жоғары көрсеткішке қол жеткіздік. Бұл бастама қарапайым байқау шеңберінен шығып, нағыз қоғамдық қозғалысқа ұласты. Биыл оның республикалық деңгейде жалғасуы – оқу мәдениетін қалыптастыруға деген қоғам сұранысының жоғары екенін көрсетеді. Жобаның басты мақсаты – Қазақстан азаматтарының бойында бала кезден кітап оқудың тұрақты дағдысын қалыптастырып, еліміздің әлемдегі ең көп кітап оқытын он мемлекеттің қатарына қосылуына ықпал ету. «Кітап оқитын ұлт» – кітапты білім көзі ретінде дәріптеп, халықтың барлық жастағы және әлеуметтік тобын тұрақты оқуға тартуға, сыни әрі аналитикалық ойлауды дамытуға бағытталған ауқымды ағартушылық бастама, – деді жобалық кеңсе жетекшісі Аида Есеналина.

Жобаның негізінде кітап оқудың адамға, отбасына және қоғамға әсерін айқындайтын жеті идея жатыр. Оның алғашқысы – білімнің жоғалмайтын қазына екені. Материялдық ресурстар

өзгеруі мүмкін, ал, адамның бойына жинаған білімі өзімен бірге қалады. Екіншісі – адамның үйренген сайын өсіп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатыны. Үшіншісі – кітап арқылы сыни ойлау қабілетін дамыту. Оқу адамға ақпаратты талдауға, сұрақ қоюға, түрлі көзқарасты салыстыруға және өз қорытындысын жасауға үйретеді. Төртінші бағыт – киялды дамыту. Кітап адамның ойлау шекарасын кеңейтіп, жаңа мүмкіндіктерді елестетуге және тың шешімдер табуға ықпал етеді. Бесінші идея – адамдардың бір-бірімен мазмұнды сөйлесе білуі. Алтыншысы – балалардың болашағына жауапкершілікпен қарау. Себебі, оқу мәдениеті ең алдымен отбасында қалыптасады. Жетінші идея – білімді жасампаздыққа бағыттау, яғни алған білімді нақты іске, пайдалы идея мен шешімге айналдыру.

Марафонның биылғы мазмұны да ауқымды. Жоба қоғамның әртүрлі әлеуметтік және жас топтарын қамтитын жеті арнайы бағытты ұстанады.

– Биылғы марафон «Оқитын мектеп», «Оқитын колледж», «Оқитын университет», «Оқитын педагог», «Оқитын әулет», «Оқитын мемлекеттік қызметші» және «Оқитын зияткер» бағыттарын қамтиды. «Оқитын мектеп» бағыты 6-10 сынып оқушыларына арналса, «Оқитын колледж» колледж студенттерін, «Оқитын университет» жоғары оқу орны студенттерін қамтиды. «Оқитын педагог» бағыты мектеп мұғалімдері мен колледж оқытушыларына арналған. Ал, «Оқитын әулет» – отбасылық командалар үшін ұйымдастырылған. «Оқитын мемлекеттік қызметші» бағыты мемлекеттік қызметшілерді қамтыса, «Оқитын зияткер» барлық азаматтарға, яғни, жасына, мамандығына, қызметіне және әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, кітап оқып, өзінің интеллектуалдық және мәдени көкжиегін кеңейтуге ниетті кез келген адамға ашық. Бұл бағыт Қарағанды облысының ұсынысы бойынша жобаға ен-



Коллаж: Жамал Айтбе, Руханият

гізілді. Себебі пилоттық кезеңде кітап оқуға ниетті азаматтардың ауқымы кең болып, жобаға қатысушылардың санаты да біршама көп болған еді, – деді жоба үйлестірушісі Абай атындағы облыстық балалар кітапханасының басшысы Баян Уатаева.

Марафонға қатысушылар өз бағыты бойынша арнайы қалыптастырылған 330 шығарманың ішінен 15 кітап оқуы керек. Қордағы шығармалардың 165-і қазақ тілінде, 165-і орыс тілінде ұсынылған. Кітаптар тізіміне отандық авторлардың шығармалары, әлем классикасы және заманауи туындылар енген. Тізімді қалыптастыру кезінде жалпыұлттық дауыс беру қорытындысымен «100 кітап» тізіміне енген шығармалар, әдебиет саласындағы Нобель сыйлығы лауреаттарының туындылары және әлемдік бестселлерлер де ескерілген. Оқырмандарға шығармаларды қағаз нұсқасымен қатар электронды форматта оқу мүмкіндігі жасалған. Жобаға Қазақстан Жазушылар одағы, Креативті индустрияларды дамыту қоры, КІТАР және «Яндекс Книги» цифрлық платформалары секілді серіктестер де қолдау көрсетіп отыр.

Марафон кітапты оқып шығумен ғана шектелмейді. Қатысушының шығарманы қаншалықты түсінгені мен өз ойын жеткізе білуі де бағаланады. Әр бағыт

бойынша кезеңдік жүйе қарастырылған. «Оқитын мектеп» пен «Оқитын әулет» бағыттарында алдымен мектепшілік кезең, одан кейін аудандық немесе қалалық және облыстық кезеңдер өтеді. «Оқитын педагог» бағыты мектеп немесе колледж ішіндегі кезеңнен басталып, аудандық немесе қалалық және облыстық кезеңдерге жалғасады. «Оқитын колледж» білімі ордасының ішіндегі кезеңнен кейін облыстық кезеңге өтсе, «Оқитын университет» бағыты да осыған ұқсас жүйемен ұйымдастырылады. «Оқитын мемлекеттік қызметші» аудандық немесе қалалық кезеңнен облыстық кезеңге өтеді. «Оқитын университет» бағыты да осыған ұқсас жүйемен ұйымдастырылады. «Оқитын мемлекеттік қызметші» аудандық немесе қалалық кезеңнен облыстық кезеңге өтеді. «Оқитын университет» бағыты да осыған ұқсас жүйемен ұйымдастырылады. «Оқитын мемлекеттік қызметші» аудандық немесе қалалық кезеңнен облыстық кезеңге өтеді. «Оқитын университет» бағыты да осыған ұқсас жүйемен ұйымдастырылады.

– Марафонға қатысу үшін азаматтар жобаның ресми сайтына – www.reading-nation.kz сайтына тіркеліп, жеке кабинет ашып, қыркүйек айында қатысушы сауалнамасын толтыруы қажет. «Оқитын әулет» бағытына қатысатын отбасылардың атынан бір адам жеке кабинет ашып, үштен бес адамға дейінгі отбасылық команда мүшелерін тіркейді және көрсетілген мәліметтердің дұрыстығына жауап береді. Бүгінде Қарағанды облысынан 40 мыңға жуық қатысушы тіркеліп үлгерді. Әр қатысушы алты ай ішінде 15

кітап оқып, оқыған шығармасы туралы пікір жазып, оқу барысы мен жетістіктері үшін ұпай жинайды. Аудандық немесе қалалық кезеңдердің жеңімпаздары облыстық кезеңде бақ сынайды, ал, облыстық кезеңде квиз арқылы өз білімдерін көрсетеді, – деді жоба үйлестірушісі облыстық білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының басшысы Бақытгүл Әбдікерова.

Марафон болғандықтан, қатысушылардың оқу сапасын бағалау үшін арнайы ұпай жүйесі енгізілген. Бір кітапты оқып шығу – 250 ұпай. Оқыған шығарма туралы бейнепікір жариялаған қатысушы қосымша 50 ұпай алады. Белгіленген оқу кестесін сақтап, 10-15 күн ішінде бір кітап оқығаны үшін тағы 50 ұпай қосылады. Әр шығарманы аяқтағаннан кейін қатысушы өзінің жеке кабинетінде сол кітап бойынша қысқаша пікір жариялауы тиіс. Пікірде шығарманың мазмұны қамтылып, қатысушының жеке ойы көрініс табуы және мәтін дербес жазылуы қажет. Интернеттен толық немесе ішінара көшірілген, сондай-ақ, басқа адамның мәтінін пайдалануға жол берілмейді.

Жоба аясында өңір кітапханаларының мүмкіндігі де кеңінен пайдаланылмақ. Қазір облыстағы әр кітапханада марафонға арналған ақпараттық бұрыштар мен кітап көрмелері ұйымда-

стырылған. Жоба кітаптарының кітапханаларда бар-жоғына ревизия жүргізіліп, қазіргі мәлімет бойынша тізімге енген шығармалардың 18 мыңнан астам данасы оқырмандарға қолжетімді. Кітапханалар қажетті әдебиетті барлық қатысушыға бірдей ұсына алмайтын жағдайда, электронды ресурстар көмекке келеді. Осы мақсатта оқырмандарды кітаптардың электронды нұсқасына бағыттайтын QR-кодтар да әзірленген.

Марафонның цифрлық мүмкіндіктері де оқырманға қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Қатысушылар КІТАР платформасындағы электронды кітаптармен, аудиокітаптармен және басқа да цифрлық контентпен жұмыс істей алады. Платформада мемлекеттік тілді қолдауға бағытталған қазақша-орысша кіріктірілген сөздік бар. Жасанды интеллект негізіндегі чат оқылған кітапты талқылауға, шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қоюға және туындыны тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Платформа оқырманның қызығушылығы мен талғамына сәйкес кітаптарды ұсынатын жекелеңдірілген жүйені де қамтиды. Оқу статистикасы әр қатысушыға өзінің оқу барысын бақылап, тұрақты оқу әдетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жоба қорытындысында үздік оқырмандарды ынталандыру да назардан тыс қалмайды. Облыстық кезеңнің жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне ақшалай сыйлықтар табысталады. Бірінші орын иегеріне – 600 мың теңге, екінші орынға – 450 мың теңге, үшінші орынға – 300 мың теңге көлемінде жүлде қарастырылған.

Кітап оқу – жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның интеллектуалдық капиталына салынған инвестиция. Бүгінде аймақта марафонға тіркелген 40 мыңға жуық азаматтың болуы өңір тұрғындарының білім мен рухани дамуға және мәтін дербес жазылуы қажет. Интернеттен толық немесе ішінара көшірілген, сондай-ақ, басқа адамның мәтінін пайдалануға жол берілмейді.

Жоба аясында өңір кітапханаларының мүмкіндігі де кеңінен пайдаланылмақ. Қазір облыстағы әр кітапханада марафонға арналған ақпараттық бұрыштар мен кітап көрмелері ұйымда-

• ҚЫСТЫҢ ҚАМЫ

Жылыту маусымына – жүйелі әзірлік

Алдағы 2026-2027 жылдың қысын толық әзірлікпен қарсы алуға бұқаржыраулықтар да белді бекем буып, оған дайындық жалғасуда. Бұл кезеңде Бұқар жырау ауданы бойынша 1 орталық және 7 модульді қазандық, сондай-ақ, 105 автономды жылыту жүйесі жұмыс істейтін болады.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы аудандағы 184 көпқабатты үйдің 94-і орталықтандырылған жылыту жүйесіне қосылатын болса, қазірде комиссия ол үйлердің бәрін тексеріп, әзірлік актісін рәсімдеу аяқталып қалған.

Алдағы қысқы жылыту маусымына даярлық жұмыстары үшін 293,3 миллион теңге көзделген көрінеді. Қазірде Қушоқы кентіндегі жөндеу жұмыстарының кешені орындалып, қазандықтары, күл шығару мен көмір беру жүйелері, сорғы жабдықтары, төбе жабындылары, электрмен жабдықтау мен бекіту арматуралары 90-100 пайыз әзірлік күйіне келтіріліпті.

Ал, Ботақара кентінде Әуезов көшесіндегі модульді қазандықты резервтік электрмен жабдықтау ісі, аудандық қорғаныс және полиция бөлімдерінің ғимараттарына жылу жүйелерін тарту, сондай-ақ, Әлихан Бөкейхан көшесінде қуаты 3 МВт қазандықты ауыстыру толығымен тамамдалған. Доскей ауылында қуаты 3МВт жаңа қазан-



дық орнатылып, Ғабиден Мұстафин кентінде де 100 метр жылу жүйелері алмастырылып, қуаты 3 МВт қазандық қойылыпты.

Тұрғын үй секторын жылытатын барлық қазандықтар резервтік генераторлармен қамтамасыз етілген.

Сонымен бір мезгілде Қушоқы кентінде инвестор «ДА-ИН» ЖШС өз қаржысы есебінен қуаты 20 МВт модульдік қазандықты құрылысын жалғастыруда. Мұнда қуаты 4 МВт бес қа-

зандық, жылуалмастырғыш және қосалқы жабдықтар орнатылып, электр тораптары мен автоматикасы монтаждалуда.

Қыс уақытында тұрғын үй секторын жылытатын орталықтандырылған қазандықтардың көмірге қажеттілігі 30080 тоннаны құраса, соны жеткізуге келісім-шарт жасалынып, тиісті жерлеріне тасымалданып жатыр.

Ауданның бюджеттік ұйымдарының көмірге қажеттілігі 23207 тоннаны құрайды. Бүгінде ол

мәдени нысандарға толығымен жеткізілсе, білім беру және денсаулық сақтау нысандарына отын тасымалы аяқталып қалды.

Барлығы Бұқар жырау ауданы бойынша 52 білім беру, 37 денсаулық сақтау, 44 мәдениет, 6 спорт және басқа да 25 мемлекеттік нысандар бар. Соның ішінде, білім беру нысандарынан Қызылжар ауылындағы Киров мектебінің 2 қазандығы ауыстырылып, Ростовка мен Центральное ауылдарының Мәдениет үйлеріне блокты-модульдік қазандық орнатылууда.

Бүгінге дейін ауданның барлық қазандықтарында жабдықтар тексерістен өткізіліп, жылу жүйелері шайылып, тығыздалып, қазандықтар мен мұржалар тазартылған.

Бұл маусымда электрмен жабдықтаудың сенімділігі де ерекше назарда. Негізгі аудандағы электр тоғын беру желілерінің жалпы ұзындығы 1395 шақырым да, 261 КТП мен қосалқы станция пайдаланылады. Биыл содан 145,4 шақырым электр желісі мен 114 КТП жөнделіп жатса, Қушоқыда «Тұзды» станциясынан Майөзек ауылына дейін электр желісін тарту ісі 90 пайыз орындалған.

Алдағы қысқа қайындық жұмыстарын аудандық әкімдік үнемі бақылауында ұстап, оның апатсыз, жайлы өтуін қамтамыз ету үшін қолдан келгеннің бәрін жасауда.

Бұқар жырау ауданы

Сурет ұйымдастырушылардан

• ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

Әскери қызметке аттанды

Саран қаласының Мәдениет үйінде осы «Отанға қызмет – абыройлы міндет!» ұранымен жастарды мерзімді әскери қызметке салтанатты шығарып салу рәсімі өтті.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Біздің Саран қаласында көктемгі және күзгі әскерге шақыру мерзімінде болашақ Отан қорғаушы сарбаздарымызды салтанатпен шығарып салу дәстүрге айналған. Осы жолы да Қазақстан армиясы қатары толықтыратын 20 жігітке осындай құрмет көрсетіліп отыр, – дейді қалалық Жастар ресурстық орталығының басшысы Айым Қанапиянова.

Бұл күні Саран қаласының тұрғындары Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына аттанғалы тұрған 20 жас сарбазға ақ жол тіледі. Болашақ Отан қорғаушыларын қолдауға олардың ата-аналары мен жақындары, әскери бөлімдердің, ардагерлер және жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.

Қонақтарды «Жас сакшы» әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілері құрған салтанатты дәліз қарсы алды. Рәсім Қазақстан Республикасының Туы келтіріліп, Әнұранымыз айтылып, Қарулы Күштеріміз туралы бейнероликтен және ұлттық хореографиялық қойылымнан басталды.

Жас сарбаздарға әскери борыштарын абыроймен атқаруға арнаған ақжолтай тілегін де Саран қалалық қорғаныс ісі жөніндегі бөлімінің басшысы,

майор Әзиз Әбілқасымов: – Әскери қызмет – әрбір ер-азамат үшін Отан алдындағы қасиетті борыш, жауапкершілік пен намыстың сыналар кезеңі. Бұл – жігітті тәртіпке, тәзімдікке және ел мүддесін бөрінен биік қоюға үйрететін өмір мектебі, – деді.

Ал, Саран қалалық Аналар кеңесінің төрағасы Гүлжиан Жүсіпбекова енді ғана үйлерінен алысқа аттанғалы тұрған жас өрендерге сәт сапар тілеп, аналық ақ батасын берді.

Салтанат үстінде әскерге шақырылушыларға естелік сыйлықтар табысталды.

Бағдарлама патриотшылық және әскери-шарияттық қойылымдармен жалғасты. Әскери қызметшілер саптық және арнайы даярлық элементтерін, әскери тәртіпті, шеберлік пен үйлесімді іс-қимыл үлгілерін көрсетті.

Салтанатты рәсім сарандық жас сарбаздарға қолдау білдіруге, Отан алдындағы азаматтық борышты өтеудің маңызын дәріптеуге, ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға және жастардың бойында отансүйіштікті, жауапкершілікті пен елге адал қызмет ету құндылықтарын қалыптастыруға бағытталды.

САРАН

Профессор Жандос Смағұлов – 70 жаста

Ғылымға арнаған ғұмырын

Бүгіндері ұлттық статус алып, дамудың жаңа биігіне көтеріліп отырған академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің дамуына өлшеусіз үлес қосып, саналы ғұмырын арнаған ғалымдар шоғырында ф.ғ.д., профессор, Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының (МАИИ) академигі Жандос Смағұловтың есімі үлкен құрметпен аталады. 1979 жылы осы жоғары оқу орнының филология факультетін «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша тәмамдаған дарынның барша ғылыми ізденістері, тәлімге толы ұстаздық тағылымы университет өмірімен біте қайнасып жатыр.

1979-1980 жылдары Қарағанды облысы Ақтоғай ауданындағы Қ.Нұржанов атындағы орта мектепте тәжірибе жинақтап, 1980-1982 жылдары «Жамшы» сегіз жылдық мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры қызметтерінде шыңдалады. Ғылымға деген құштарлық Қарағанды мемлекеттік университеті қазақ әдебиеті кафедрасына жетелеп, конкурстық негізде 1983 жылы аға оқытушы болып қабылданады. Ол кездері Қазақстанда тек қана екі университет болғанын ескерсек, кәсіби біліктілікке қойылатын талап пен талғамның қандайлық өреде болғанын бағамдау қиын емес. Қарағанды мемлекеттік университетіне арнайы дәріс оқуға келген атақты ғалым Тұрсынбек Кәкішұлымен әдебиет тарихын зерттеу, әдеби мұраны игеру, ұлттық әдебиеттанудың тарихи бастаулары хақында батыл полемикаға барып, құрметіне бөленеді. Жас оқытушының зерттеушілік қарым-қабілетін тереңнен бағамдаған профессор аспирантурада оқуға ой салады. Сөйтіп, Жандос Смағұлов 1987-1990 жылдары сол кездегі С.Киров, қазіргі әл-Фараби атындағы Қазак мемлекеттік университеті қазақ әдебиеті кафедрасының аспирантурасына қабылданады. 1993 жылы про-

фессор Т.Кәкішұлының ғылыми жетекшілігімен «Қазақтың әдеби мұрасын игеру проблемалары» деген аса өзекті тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, ұлттық әдебиеттануға мықты ғалымның келгенін дәлелдейді. Тәуелсіздік дәуіріне дейін қазақ халқының сан ғасырлық әдеби, классикалық мұрасын зерттеу, игеру, жариялаудың әдіснамалық мәселелері, ғылыми қағидаттары арнайы және жүйелі зерттеудің нысанына алынбай келген болатын. Сондықтан аталған тақырыптағы кандидаттық диссертация қазақ әдебиеттануында қордаланған бірнеше ғылыми мәселенің түйінін тарқатуда батыл қадам жасады. Біріншіден, әдеби мұраны игерудегі қате теория табиғаты, соның ішінде маркстік-лениндік әдіснама зардаптары объективті түрде сын тезіне алынды. Екіншіден, әдеби мұраны игеру, зерттеу, жариялаудағы Алаш қалам қайраткерлері бастауындағы тұрған отандық жетекші ғалымдардың тарихи қызметі алғаш ғылыми негізде әділ бағасын алды. Ол еуропacentристiк танымдағы қасандыққа берілген соққы болатын. Біржақты дәрiптелiп келген шетелдiк зерттеушi ғалымдар еңбектерiндегi қасандық, қисынсыздық жаңаша көзқараста сараланды.



Ұлттық әдебиеттануда ғылыми мектебін қалыптастырған академик Тұрсынбек Кәкішұлының ізбасар шәкірті профессор Жандос Смағұлов өзінің ұстазына деген адалдығынан танған емес. Ғылым жолындағы түрлі қиындықтарды еңсере жүріп, 2009 жылы «Қазақ әдебиеттану ғылымының туу және қалыптасу жолдары» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

Тарихи алғышарттардан тұратын арғы бастаулары, яғни тарих алдындағы дәуір. Бұл ежелгі дәуір әдебиетінен басталып, XX ғасырға дейінгі ұзақ уақыт аралығына созылды. Екінші кезең – қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірі. Ол 1900-1940 жылдар арасында жүзеге асты. Үшінші кезең – қалыптасу дәуірі. Атап айтқанда, 1941-1970 жылдар аралығындағы мезгілді қамтиды», – деп түйеді. Диссертация қазақ әдебиеттану ғылымының тарихын жан-жақты зерттеуге арналған алғашқы қадам болды. Соның барысында кезінде еуропacentристiк қасаң көзқарас, маркстік-лениндік әдіснама мүмкіндік бермеген, ұлттық нигилистер жокқа шығарумен келген қазақ әдебиеттану ғылымының арғы бастаулары айқындалды. Ол қазақ әдебиеттану ғылымының тарихи негіздерін саралап, VI-XIV ғасырлардағы ғылыми

таным-білік арналарын ексеуге, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің алғашқы бастауларын дәйектеуге тыңнан жол ашты. Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу мен дәуірге бөлу мәселелері де алғаш рет жүйелі түрде қарастырылды. Қадірлі ұстазымыз, ғылыми жетекші әрі кеңесшіміз профессор Т.Кәкішұлы атап көрсеткендей, докторлық диссертацияның әр бөлімі, тараушалары қазақ әдебиеттануының аса көкейкесті мәселелерін зерттеудің соны бағыт-бағдарын айқындауымен құнды.

Ғалым Жандос Смағұлов үнемі ғылыми ізденіс үстінде болуымен ізбасар шәкірттеріне үлгі-өнеге көрсетіп келеді. Оған «Әдеби мұраны игеру проблемалары» (1992), «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (1999, 2008), «Ахметтану бастамалары» (профессор Ш.Жалмахановпен бірге. 2005), «Ұлттық әдебиеттану әлемі» (2005), «Тағылымға тағзым» (2005), «Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері» (академик Т.Кәкішұлымен бірге. 2006.), «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (2007), «XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы» (2009. 2012), «Бата сөздердің тағылымдық табиғаты» (2009), «XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы» (2014), «Тарихтан тағылым» (2014), «Әдебиеттану әдіснамасы» (2104), «Ғылымдағы ғұмыр» (2016), «Гуманитарлық ғылымдар саласында ғылыми зерттеуді ұйымдастыру мен жоспарлау» (С.Такиров, Ж.Рүстемовпен бірге 2016. 2023), «Абыз дала, Аңыз дала – Ақтоғай» (2018. 2021 ғылыми еңбектері, танымдық кітаптары дәлел.

Жандос Қожахметұлының

бойындағы ерекше қасиеттің бірі – ұстаздары мен үзентілес достарына, шәкірттеріне деген айрықша құрмет. Ұстазымыз Тұрсынбек Кәкішұлына арналған «Тұрсынбек Кәкішұлы» (2017. 2020) әдеби-ғылыми ғұмырнама жарық көрді. Сыралғы досы, сыншы Әуез Бейсебаев хақында «Әуездің әсем әлемі» (2021) кітабы басылды.

Ғалымның «Ұлылар үндестігі», «Әдебиеттанудың ар-ождан-ы», «Әдебиеттанудағы бірегей тұлға», «Аңызға айналған Ақбидай», «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық әдебиеттану ғылымының негізін қалаушы», «Мәртебелі мамандыққа мән беру керек», «Әліпби – халық көптен күткен зәру мәселе еді», «Ғибрат шашқан шайырлар», «М.Әуезов және әлемдік әдеби сын», т.б. мақалаларының тұлғатану, өлкетанудағы маңызы зор.

Жандос ағайымызды жетпіс жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Қадірлі ұстазымыздың ғылым менен шәкірт тәрбиелеу жолында жасаған еңбегінің жемісін көріп, халқымыздың құрметіне бөленіп, әрдайым абырой биігінен көріне беруіне тілектеспіз.

**Сағымбай ЖҰМАҒҰЛ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті
қазақ әдебиеті
кафедрасының профессоры,
ф.ғ.д.**

**Айтбай ЖҰМАҒҰЛ,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды ұлттық
зерттеу университеті
қазақ әдебиеті кафедрасының
қауымдастырылған
профессоры, ф.ғ.к.**

Ұстаздықтың биік белесінде

Профессор Жандос Смағұлов – қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымындағы өзіндік орны айқын, ұлттық руханияттың дамуына сүбелі үлес қосқан көрнекті ғалым, ұлагатты ұстаз. Саналы ғұмырын ғылым мен білім саласына, оның ішінде қазақ әдебиеттануының өзекті мәселелерін зерттеуге арнаған ғалым биыл мерейлі жетпіс жасқа толып отыр. Қасиетті Ақтоғай топырағында, Арқаның асқары Ақсаранның баурайында дүниеге келген ғалымның өмір жолы мен ғылыми ізденісі – кейінгі буынға үлгі боларлық тағылымды жол.

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті қабырғасында ұзақ жылдар бойы табан аудармай еңбек еткен Жандос Қожахметұлы ұстаздық пен ғылымды қатар алып жүрген тұлға ретінде үлкен құрметке ие. Еңбек жолын ауыл мектебінен бастап, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры секілді жауапты қызметтерді атқарған ол кейін жоғары оқу орнында шәкірт тәрбиелеу ісіне бар күш-жігерін жұмсады. Ұстаздық қызметінде көптеген жас мамандардың қалыптасуына ықпал етіп, олардың ғылым мен білім жолындағы бағыт-бағдарын айқындауға елеулі еңбек сіңірді.

Қазақ әдебиеттану ғылымының көрнекті өкілі, ұлттық сын тарихын терең зерттеген академик Тұрсынбек Кәкішұлы мектебінен тәлім алған Жандос Қожахметұлы ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихын жүйелі түрде зерделеп, әдеби мұра, сын тарихы және әдеби үдеріс мәселелерін терең зерттеуге өмірінің қомақты бөлігін арнады. Ғалымның ғылыми еңбектері қазақ әдебиеттануындағы маңызды бағыттардың қалыптасуына ықпал етіп, ұлттық сын тарихын зерттеудегі іргелі еңбектер қатарынан орын алды.

1986 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті аспирантурасына қабылданып, академик Тұрсынбек Кәкішұлы жетекшілігімен «Қазақтың әдеби мұрасын игеру проблемалары» тақырыбында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізді. Ұлттық әдебиеттану ғылымындағы аса өзекті мәселеге арналған бұл еңбегін ғалым 1993 жылы сәтті қорғап, ғылыми ортада жоғары бағаланған зерттеулердің біріне айналдырды. Аталған диссертациялық жұмыста қазақ әдеби мұрасын игеру бағытындағы ғылыми ой-пікірлер жүйеленіп, өткен ғасырдағы әдеби-зерттеушілік ізденістер ғылыми тұрғыдан сараланды. Зерттеуде қазақ әдебиетінің тарихын жасау, дәуірлеу мәселелері, әдеби-теориялық ой-пікірдің қалыптасуы



және әдеби мұраны ғылыми игеру бағытындағы алғашқы ізденістер жан-жақты қарастырылды.

Сонымен қатар, ғалым сол кезеңде әдебиеттану ғылымында жаңаша бағалана бастаған Алаш қайраткерлерінің әдеби және ғылыми мұраларына терең назар аударып, олардың зерттеушілік тұжырымдарын ғылыми айналымға енгізуге елеулі үлес қосты. Әсіресе, Алаш зиялыларының ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасуындағы тарихи рөлін әділ бағалап, олардың ғылыми мұрасын жаңаша пайымдауға жол ашты. Ғалымның ғылыми пайымдары мен тұжырымдары кейінгі зерттеулерге бағыт-бағдар беріп, ұлттық әдебиеттанудағы тың көзқарастардың орнығуына ықпал етті. Мысалы: «Ә.Бөкейханов қазақ әдебиеттану ғылымында классикалық мұраны игеруге алғашқы болып қалам тартқан, «Абайтану» деп аталатын үлкен жолдың соқпағын салған тұңғыш зерттеуші санау керек», – деген пікірді алғаш айтқан зерттеушілердің бірі екенін айтуымыз керек.

Кейіннен бұл бағыттағы ізденістерін тереңдете жалғастырып, «Қазақ әдебиеттану ғылымының туу және қалыптасу жолдары» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады. Іргелі зерттеу еңбегінде ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихы, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің бастау арналары, қазақ әдебиеттануының туу және даму кезеңдері кең ауқымда ғылыми тұрғыдан зерделенді. Ғалым ұлттық әдеби мұраны зерттеудегі

бұрынғы тұжырымдарға жаңаша көзқарас қалыптастырып, тоталитарлық жүйенің әдебиет пен ғылымға тигізген ықпалын тарихи шындық тұрғысынан саралады. Сонымен бірге кеңестік кезеңдегі әдеби-зерттеушілік еңбектердің жетістіктері мен уақыт талабына сай қайта қарауды қажет ететін тұстарын ғылыми әділдікпен бағалап, әдебиеттану ғылымындағы объективті көзқарастың орнығуына өз үлесін қосты.

Ғалымның көпжылдық ғылыми ізденістерінің нәтижесінде қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған іргелі еңбектер дүниеге келді. Атап айтқанда, «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы», «Ұлттық әдебиеттану әлемі», «Бата сөздердің тағылымдық табиғаты», «XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы» атты ғылыми қауымдастық тарапынан жоғары бағаланған зерттеу еңбектері жарық көрді. Бұл еңбектер ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихын, теориялық негіздерін және рухани-мәдени сабақтастығын терең зерделеген құнды мұра ретінде танылды. «Әдеби мұраны игеру проблемалары», «Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолдары», «А.Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттану терминдерінің негізін салушы» атты еңбектері студенттер мен жас зерттеушілер үшін құнды оқу құралдарының айналды. Сонымен қатар, Жандос Смағұлов Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы дайындаған «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (2008) атты ұжымдық іргелі еңбектің авторла-

рының бірі ретінде ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихын жүйелеуге қомақты үлес қосты. Ғалымның тарихи-танымдық және рухани сабақтастық сипатындағы «Тағылымға тағзым» және «Тарихтан тағылым» атты екі томдық зерттеу еңбектерінде қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымындағы көрнекті тұлғалардың шығармашылық мұрасы, ғылыми ұстанымдары мен әдеби-эстетикалық көзқарастары терең талданады. Бұл еңбектерде әдеби ортадағы тұлғалар болмысы мен ұлттық руханияттағы орны ғылыми әрі тағылымдық тұрғыдан сараланған.

Жандос Смағұлов еңбектері тұтас қазақ әдебиеттану ғылымының маңызды жетістіктерінің бірі ретінде бағаланады. Белгілі әдебиеттанушы ғалым Айгүл Ісмакова: «Жандос Смағұлов Қарағандыда отырып-ақ, бір ғылыми институт атқаратын жұмысты жалғыз өзі атқарды» деген пікір білдіруі де ғалым еңбегінің ауқымы мен ғылыми қуатын танытады.

Ғалым зерттеулерінің басты құндылығы – ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасуы мен дамуындағы күрделі кезеңдерге тек ғылыми тұрғыдан ғана емес, тарихи шындығын биігінен баға беруінде. Ол әдеби-зерттеушілік ой-пікірдің жетістіктері мен тоталитарлық жүйе ықпалынан туған қайшылықтарды объективті түрде саралап, ғылыми әділдік қағидатын берік ұстанды.

Жандос Қожахметұлының география ғылымдарының кандидаты, профессор Мұратхан Қожахметовпен бірлесіп

жазған, 2021 жылы Қарағанды қаласында жарық көрген «Абыз дала, аңыз дала – Ақтоғай» атты тарихнамалық зерттеу еңбегі де ғылыми қауым назарын аударған тағылымды туындылардың бірі болды. Бұл еңбекте авторлар Тоқырауын өңірін мекендеген елдің өткені мен бүгінін тарихи сабақтастық тұрғысынан зерделеп, Ақтоғай жерінің шежірелі тарихын, рулық-тайпалық құрылымын, географиялық ерекшеліктерін, өңірден шыққан тарихи тұлғалардың өмір жолын кең көлемде қарастырған. Еңбектің басты ерекшелігі – мұрағаттық деректер мен тарихи құжаттарды халық жадында сақталған аңыз-әңгімелермен, шежірелік деректермен сабақтастыра отырып пайымдауында.

Ұстаз өнегесін өмірлік бағдар еткен шәкірті Жандос Смағұловтың 2021 жылы Қарағанды қаласында жарық көрген Тұрсынбек Кәкішұлына арналған ғұмырнама-лық зерттеуі де сыншы-ғалым тұлғасын терең танытуға қызмет еткен тағылымды еңбектердің бірі болды. Бұл зерттеуде ұстаздың ғылымдағы қайраткерлік болмысы, ұлттық әдебиеттану ғылымына сіңірген еңбегі мен азаматтық тұлғасы жан-жақты сараланып, кейінгі буынға өнеге боларлық рухани мұра ретінде бағаланады.

Ғалым қазақ әдебиеттануы мен сын тарихы саласында көптеген жас зерттеушілердің қалыптасуына жол ашып, олардың ғылымдағы алғашқы қадамдарына бағыт-бағдар берді. Сонымен қатар, Қарағанды өңіріндегі жоғары оқу орындарында қызмет атқарып жүрген бірқатар ғалымдар мен оқытушылардың ғылыми ізденістеріне ағалық қолдау көрсетіп, өзіндік өмірлік жолдарын табуға қамқорлығын аямады. Ғалым жетекшілігімен және ғылыми ықпалымен тәрбиеленген шәкірттер қатарында С.Жұмағұлов, А.Бабашов, С.Такиров, Қ.Қалыбекова, А.Жұмағұлов, К.Төлеубаева, Ж.Жұмагелдин, Б.Рахимбаева, А.Абдиқадирова, Қ.Бажкеев секілді ұстаздар мен зерттеушілер бар. Олар әдебиеттану ғылымының тарихы, сынның ғылыми-әдіснамалық негіздері, сәкентану, сәбиттану, әдеби ағым мәселелері секілді өзекті бағыттар бойынша ғылыми жұмыстар жүргізіп, ұлттық ғылымның дамуына өз үлестерін қосып келеді.

**Саржан ТАКИРОВ,
академик Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды ұлттық
зерттеу университетінің
қауымдастырылған
профессоры, филология
ғылымдарының кандидаты**

• БРИФИНГ

Мәдени саланың міндеті зор

Қарағанды облысында мәдениет саласы жаңа нысандармен толығып, тарихи мұра жаңғырып, өнер ұжымдарының халықаралық деңгейдегі бастамаларына жол ашылып келеді. 2026 жылдың алғашқы алты айында өңірдің мемлекеттік мәдениет ұйымдары 19 276 іс-шара ұйымдастырып, оған 3 млн 968 мың адам қатысқан. Бұл – мәдени өмірдің өңір тұрғындары үшін күнделікті қажеттілікке айналып келе жатқанының айғағы. Мәдениет дегеніміз, сахнадағы концерт пен театрдағы спектакльден ғана тұрмайды. Осы тұрғыдан алғанда, аймақта кейінгі жылдары қолға алынған жұмыстардың ауқымы көңіл аударуға тұрарлық. Бір жерде жаңа мәдениет ошағы бой көтерсе, енді бір жерде тарихи ескерткіш қалпына келтіріліп жатыр. Кітапханалар жапанып, архивтің материалдық базасы күшейтіліп, театрлар мен концерттік залдарды жаңғыртуға дайындық жүргізілуде. Ал, сахнадағы өнерпаздар мен шығармашылық ұжымдар өңір шеңберінен шығып, халықаралық мәдени кеңістікке бет алып отыр. Бұл туралы Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Айжан Шәкенова брифинг барысында баяндады.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нысандар жаңғыртылуда

2026 жылы мәдениет саласының инфрақұрылымын дамыту жұмыстары жаңа нысандар салу және қолданыстағы мекемелерді жаңғырту секілді екі бағытта өрбіп келеді. Нұра ауданында құны 143 млн теңге болатын «Өнер үйінің» құрылысы жалғасуда. Бұл – аудан тұрғындары үшін мәдени шараларды өткізетін жай ғана ғимарат емес, шығармашылық бастамалар тоғысатын жаңа кеңістік болмақ. Ал, облыстағы 15 мәдениет нысанында жалпы сомасы 761 млн 142 мың теңгеге жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Оның 672 млн 242 мың теңгесі 13 нысандағы ағымдағы жөндеуге, 88 млн 900 мың теңгесі екі нысандағы күрделі жөндеуге бағытталған. Жөндеу жұмыстарының ең ірі бөлігі Қарағанды қаласына тиесілі. Мұнда 354 млн 600 мың теңге «Шахтер» стадионының трибуна астындағы үй-жайларын жөндеуге, брусчатканы ауыстыруға, саябақтар мен скверлердегі жөндеу мен қалпына келтіру жұмыстарына, кітапхана филиалын жөндеуге және зообақтағы бес вольтерді жаңартуға жұмсалуда.

Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрының кондиционерлер жүйесін ағымдағы жөндеуге де 77 млн 600 мың теңге бөлінді. Яғни мәдени нысандарды дамытуда сыртқы келбетпен қатар, көрсеткіш

рмен мен келушіге жайлы орта қалыптастыруға да басымдық беріліп отыр.

Қарағандының мәдени келбетін айқындайтын бірқатар нысан алдағы уақытта түбегейлі жаңаруы мүмкін. К.Станиславский атындағы Қарағанды мемлекеттік орыс драма театры, «Шалқыма» концерт залы және «Цирю» ғимараттарында жоспарланып отырған ғылыми-реставрациялық жұмыстарға арналған ғылыми-жобалау құжаттамасы әзір. Бұл нысандар өңірдің мәдени тарихының бір бөлігі. Сондықтан, оларды жаңғырту тек ғимаратты жөндеу емес, мәдени кеңістіктің тарихи болмысын сақтай отырып, оны жаңа талаптарға бейімдеу міндетін көздейді.

Қарағанды қаласының мемлекеттік архивіне қатысты мәселе де биыл шешімін тапты. Қайта жаңғырту жұмыстары аяқталған ғимарат архив балансына берілді. Енді мұнда көшуге және жаңа үй-жайларды жабдықтауға дайындық жүріп жатыр. Архивті қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету үшін облыстық бюджеттен 42 млн 500 мың теңге бөлінді. Бұл қаражатқа архивтік стеллаждар мен жиһаздар дайындалуда.

Аталған іс-шараларды іске асыру архивтік құжаттарды сақтау жағдайларын жақсартуға, олардың сақталу деңгейін арттыруға, архив мекемелерін қажетті жабдықтармен қамтамасыз етуге және мемлекеттік архив қызметкерлері мен пайдаланушылары үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Қарағанды облысының мемлекеттік архиві үшін бұл – маңызды қадам. Өйткені, мұнда сақталған әр құжаттың артында тұтас бір дәуірдің тарихы тұр. Бүгінде облыстың мемлекеттік архив жүйесіне 15 архив – екі облыстық, алты қалалық және жеті аудандық архив пен бір филиал кіреді. Оларда 5973 архив қорындағы 2 млн 403 мың 456 сақтау бірлігі сақталуы. Бұл сандардың өзі Қарағанды архивінің ел тарихындағы салмағын аңғартады, – деді Айжан Шәкенова.

Мәдениет саласының материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстары да жүйелі жалғасуда. Облыстық, қалалық және аудандық кітапханалар жаңа әдебиеттермен, компьютерлік және кеңсе техникасымен қамтамасыз етіліп, мәдениет ұйымдарына дыбыс жабдықтары мен музыкалық аспаптар сатып алынууда. Мәдени-демалыс ұйымдарына арналған сахналық костюмдер де әзірленіп жатыр. Бұл ретте демеушілердің қолдауы да маңызды. Мәселен, демеушілік қаражат есебінен Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің «Арқа сазы» ансамбліне 17,3 млн теңгеге сахналық костюмдер дайындалды.

«Базарың тарқамасын, ардақты елім...»

Өңірдегі мәдени өмірдің қарқынын байқаулар мен фестивальдердің ауқымынан да көруге болады. Биыл XI рет өткен «Жұлдыз-2026» эстрадалық ән орындаушылар байқауына 90 өтінім түсті. Бұл – байқау тарихындағы ең жоғары көрсеткіш. Ал, «Кітап оқитын ұлт» жобасының пилоттық кезеңіне Қарағанды облысынан 67 824 оқырман қатысты. Бұл көрсеткіш кітап оқу мәдениетінің әлі де қоғамның маңызды құндылықтарының бірі екенін көрсететін жақсы мысал.

Қарағандыда алғаш рет Ресей, Қырғызстан және Өзбекстан театр ұжымдарының қатысуымен шағын театрлардың I Ашық халықаралық фестивалі өтті. Қарағанды академиялық музыкалық комедия театры мен «Буратино» қуыршақ театры-студиясының сахналарында түрлі жанрдағы сегіз қойылым ұсынылды.

Театр өнеріндегі мұндай халықаралық байланыстар жергілікті көрменнің мәдени көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, Қарағанды өнерінің де жаңа аудиторияға шығуына мүмкіндік береді.

Ұлттық мәдениет пен дәстүрді дәріптеген шаралардың қатарында «BaïQymyz Қарқаралы – 2026» этно-гастрофестивалін ерекше атауға болады.

Қарқаралы төріне еліміздің әр өңірінен 37 қымыз өндіруші жиналды. Фестивальге 20 мыңнан астам адам қатысып, күбірлерде 30 тонна қымыз пісілді. Қымыз арқылы қазақтың қонақжайлылығын, дәстүрін, тұрмыс-салтын танытқан фестиваль Қарқаралының туристік әлеуетін де арттыра түсті.

Шет ауданындағы «Талды» тарихи-археологиялық саябағында өткен «Талды-2026: қола дәуірінен орта ғасырларға дейін» халықаралық ғылыми-тәжірибелік көшпелі конференциясы да маңызды оқиғалардың біріне айналды. Әлемнің әр түпкірінен келген ғалымдар мен сарапшылар Сарыарқаның көшпелі өркениетінің тарихын зерттеу, мәдени мұраны сақтау және оны насихаттаудың жаңа тәсілдерін талқылады. Бұл тұрғыдан «Талды» тек археологиялық нысан емес, халықаралық ғылыми пікір алмасуға мүмкіндік беретін мәдени-ғылыми алаң ретінде қалыптасып келеді, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Тарихи мұра – ұлт жады

Қарағанды облысы – тарихы қатпарлы, археологиялық мұрасы бай өңір. Облыс аумағында 1900 тарих және мәдениет ескерткіші орналасқан. Оның алтауы республикалық маңызы бар, 1045-і жергілікті маңызы бар нысан. 900-ден астам ескерткіш алдын ала есепке алу тізіміне енгізілген. Сонымен қатар, 38 киелі нысан, 824 археологиялық және 159 сәулет-қала құрылысы ескерткіші есепте тұр. Биыл үш нысанда археологиялық зерттеу, төрт ескерткіште ғылыми-реставрациялық жұмыстар жүргізілуде. Ғылыми-археологиялық зерттеулерге облыстық бюджеттен 28 млн теңге, ғылыми-реставрациялық жұмыстарға 54 млн теңге бөлінді. Зерттеу жұмыстары Бұқар жырау ауданындағы Дермен қорымында, Абай ауданындағы Құлайғыр қорымында және Қарқаралы ауданындағы Нұркен қорымында жалғасып жатыр. Ал, ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның Ақтағай ауданындағы «Жекежал» қыстағында, Нұра ауданындағы Байзақ кесенесінде, Шет ауданындағы Мәден кесенесінде және Қарқаралы ауданындағы Дүйсеке кесенесінде ғылыми-реставрациялық жұмыстар атқарылууда.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ҚЫСҚА ӘЗІРЛІК

Қыстан қысылмайды

Шахтинск қаласын қыста жылумен қамтамасыз ететін «Шахтинсктеплоэнерго» ЖШС бұл күндері оған дайындық жұмыстарын ширатып, өрістете түскен.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сол үшін аталған серіктестік кеншілер қаласының жылу инфрақұрылымын жаңғырту жөнінде ауқымды бағдарлама қабылдап, оны жүзеге асыруда. Жоспарланған жұмыстардың көлемі құбыр өткізгіштерді ауыстыру бойынша 6383 метрді құрайды.

Осы жөндеу жұмыстарын мердігерлік және шаруашылық тәсілмен жүзеге асыру белгіленген екен.

Атап айтқанда, мердігерлік әдіспен магистральдық және орамшiлiк жылу тораптарын ауыстыру көзделiптi. Қазiрде магистральдық жылу тораптарында ұзындығы 2075 кума метрi диаметрi 720 мм. құбырөткізгіштермен жаңаланған. Бұл жұмыстарды мердігерлік ұйымдар «Ходжейли» ЖШС, «GAS invest project» ЖШС, «HTC-24 Құрылыс басқармасы» ЖШС және «ГаммаСтрой-Проект» ЖШС биылғы мамыр мен тамыз айлары аралығында атқарған.

Орамшiлiк жылу торап-

тарының 2058 кума метрi түрлi диаметрдегi құбырөткізгіштермен алмастырылған. Бұл шаруаны осы жылдың мамыр мен шiлде айлары ішінде мердігерлер «ТЕМІР ВЕТОН» ЖШС мен «EnergyLuxStroy» ЖШС орындаған.

Шаруашылық тәсілмен, яғни кәсіпорынның өз күшімен 2250 метр жерасты құбырөткізгіштері түрлі диаметрде (57 мен 219 мм. аралығында) ауыстырылған. Олар бұл шаруаны 2026 жылдың мамырынан тамызына дейін толығымен аяқтады.

Бүгінде қала бойынша 2542 метр құбырөткізгіштер толық ауыстырылып бітті. Ал, белгіленген жоспарды орындау алдағы жылыту маусымында кеншілер қаласын жылумен тұрақты және апатсыз жабдықтауға мүмкіндік бермек.

ШАХТИНСК

Сурет
ұйымдастырушылардан

Жаңалық
әрқашан жаныңызда!

<https://ortalyq.kz/>

• БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

Мың қадам, бір мақсат

Балқашта спорт пен саламатты өмір салтын насихаттайтын дәстүрлі Cuprum RUN жаппай жүгіру жарысы төртінші рет ұйымдастырылды. Kazakhmys Smelting компаниясы өткізген ауқымды спорттық шара биыл жаңа мазмұнмен толықты. Жарыс бағдарламасына алғаш рет 21,1 шақырымдық жартылай марафон енгізіліп, қатысушыларға жаңа қашықтықты бағындыруға мүмкіндік берілді.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Спорт мерекесіне кәсіби спортшылар мен әуесқой жүгірушілерден бастап, балалар мен аға бауы өкілдеріне дейін 1 200 адам қатысты. Олардың қатарында ерекше қажеттіліктері бар жандар да болды. Жарыстың басты жаңалығы – ересектер арасындағы сайысқа 21,1 шақырымдық жартылай марафонның қосылуы. Бұған дейінгі жылдары қатысушылар 5 және 10 шақырымға жүгірсе, биыл жүгірушілер өз мүмкіндіктерін үш түрлі қашықтықта сынады. Алғаш болып жартылай марафонға қатысушылар стартка шығып, кейін 10 және 5 шақырымдық жарыстардың жалауы желбіреді.

Жарыс жолында жас ана да бағын сынды. Солардың бірі – Перизат Жұманғалиева. Ол төрт айлық сәбиін қасына алып, 5 шақы-

рымдық қашықтықты еңсерді. Ана мен баланың бірге жарыс жолына шығуы қатысушылар мен көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Бұл сәт Cuprum RUN-ның тек спорттық бәсеке емес, отбасылық құндылықтар мен белсенді өмір салтын дәріптейтін мереке екенін де аңғартты.

21,1 шақырымдық қашықтықта ерлер арасында Еркебұлан Ахмадиев, әйелдер арасында Динара Асқабаева жеңімпаз атанды. 10 шақырымда ерлер арасынан Рахымжан Келмәнов, әйелдер арасында Карина Костромина үздік нәтиже көрсетті. Ал, 5 шақырымдық қашықтықта ерлер арасында Камилль Салихов, әйелдер арасында Виктория Сергеева жеңіс тұтқырынан көрінді.

Жарыста жеңімпаздар тек абсолюттік есеп бойынша ғана емес, жас ерекшеліктері бойынша да анықталды. Спортшылар 29 жасқа дейін, 30-39, 40-49, 50-59 және 60

жасан жоғары санаттарда ерлер мен әйелдер арасында өзара сайысқа түсті. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер медальдармен қатар ақшалай сыйлықтарға ие болды.

Биылғы жарыстың тағы бір ерекшелігі – балаларға арналған қашықтықтар. Балалар 400 метр және 1 шақырымдық жарыстарға қатысып, өздерінің шапшаңдығы мен ептілігін сынады. Балалар жарысына 500-ге жуық жас спортшы қатысты. Кішкентай қатысушылар үшін жарыс ұйымдастырушылар тарапынан ерекше сыйлықтар да қарастырылды. Kazakhmys Smelting компаниясының атынан балалар арасында 10 велосипед пен сыйлық сертификаттары ойналды.

Cuprum RUN-2026 жарысының арнайы қонағы әрі құрметті мейманы ауыр атлетикадан төрт дүркін әлем чемпионы Илья Ильин болды.

Cuprum RUN-2026 жарысының жоғары деңгейде өтуіне



демеушілер де өз үлесін қосты. Ұйымдастырушылар спорттық шараны қолдаған SGS компаниясына, AQ-Teniz спорт кешеніне және Arous Group компаниясына алғыстарын білдірді. Жарыс қорындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер марапатталып,

қатысушылардың еңбегі лайықты бағаланды.

Айта кетейік, төртінші жыл қатарынан ұйымдастырылып келе жатқан Cuprum RUN бүгінде Балқаштың спорттық өміріндегі маңызды шаралардың біріне айналып келеді. Биылғы 21,1

шақырымдық жартылай марафон жарыстың ауқымын кеңейтіп қана қоймай, қатысушылар алдына жаңа мақсаттар қойды.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

Күмістен болды жүлдесі

Қарағандылық «Шахтер» U-18 командасы QJ League-ның 2025-2026 жылғы чемпионатының күміс жүлдегерлері атанды. Игорь Солошенко шәкірттері чемпионаттың аяқталуына үш тур қалғанда турнир кестесіндегі II орынды мерзімінен бұрын қамтамасыз етті.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандылықтар бұл кезеңде өз алаңында «Ордабасының» қабылдап, 3:1 есебімен жеңді. 38-ші минутта Артем Алексеев көзге түсіп, алаң иелерін алға шығарды. Үзілістен кейін көп ұзамай Ален Пак басымдықты еселеді. 77-ші минутта қорғаушы Мейірлан Балтабаев екінші сары қағазын алып, алаңнан шығарылған. Десе де, алаң иелері 10 ойыншымен қалса да, 88-ші минутта үшінші голды салды. Бұл жолы көзге түскен – Айбатолла Шулаков. Ал, қонақтар ойынның негізгі уақытына қосылған қосымша минутта бір гол салып, таблодағы көрсеткішті өзгертті. Осылайша, «Шахтер» 19 турда өз алаңында жеңіске жетіп, мерзімінен бұрын QJ League-ның күміс жүлдегерлері атанды.

Чемпионаттың аяқталуына әлі үш тур қалса да, алматылық «Қайрат» U-18 командасы мерзімінен бұрын чемпион атанды. Алма-

тылықтар осымен төртінші жыл қатарынан чемпион атанды. 19 турдың қорытындысы бойынша олар 55 ұпай еншілеген. Қарағандылықтар 44 ұпаймен II орынға табан тіреді. Егер, жерлестер қалған үш турда жеңіске жеткенімен, қазіргі алматылықтардың жинаған ұпай санына жете алмайды. Сондықтан, биылғы чемпионаттың жеңімпазы мерзімінен бұрын анықталды. Үздік үштікке 33 ұпай жинаған шымкенттік «Ордабасы» клубы үмітті. Десе де, төртінші сатыда 29 ұпаймен қостанайлық «Тобыл» командасы тұр. Алдағы үш турда чемпионаттың қола жүлдегерлері анықталмақ.

Ұпайы жоғары «Ордабасы» қалған ойындарда жеңіске жеткенімен «Шахтердің» қазіргі жинаған ұпайына жетпейді. Сол себепті де чемпионаттың күміс жүлдегерлері ерте мәлім болды.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

Тақымды жігіттер тартысты

Қарағандыда аударыспақтан 2006-2008 жылы туған жастар арасындағы Қазақстанның XX чемпионаты басталды. Оған 16 өңірден 200-ге жуық спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтауда.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Чемпионат 16 салмақ дәрежесі бойынша өтуде. Жарысқа қатысушылар өзара екі топқа бөлініп, әр топтан үздік нәтиже көрсеткен спортшылар келесі кезеңге жолдама алады. Осылайша, іріктеу кезеңдерінен сүрінбей өткен үздіктер ақтық кезеңде чемпиондық атақ үшін бақ сынайды. Аймақ намысын бұл бәсекеде 16 спортшы қорғамақ. Олар өз салмақ дәрежелері бойынша сыңға түсіп, жоғары нәтиже көрсетуге бар күш-жігерін салуда.

– Аударыспақ – күш пен жігерді, батырлық пен шапшаңдықты біріктірген атадан балаға мұра болып қалған төл спорт түрі. Сондықтан, бүгінгі таңда елімізде ұлттық спорт түрлеріне баса назар аударылып, осы төл спорт түрлеріміз олимпиадалық спорт түрлерімен теңестірілген болатын. Соның арқасында еліміздің спортшылары жақында ғана өткен көшпенділер ойын-

дарында жоғары нәтиже көрсетіп, баршамызды қуантты. Осындай жетістіктеріміз алдағы уақытта көп болсын деп тілеймін, – дейді дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Нұрлан Әшірбек.

Шет ауданының тумасы Алик Бычков бұл чемпионатта 52 келі

өзінің шеберлігін шыңдап келеді. Бұл жолы Алик ел чемпионатында да сәтті өнер көрсетіп, жарыстың алғашқы күнінен-ақ қоржынға қола жүлде салды.

– Тартысқа толы бәсекеде қарсыластардың дайындығы жоғары болды. Десе де, өз тәжірибем мен төзімділігімнің арқасында жүлделі



салмақ дәрежесінде сыңға түсіп, жүлделі III орыннан көрінді. Жас спортшының аталған спорт түрімен айналысып жүргеніне сегіз жылға жуық уақыт болған. Осы аралықта ол облыстық додаларда бірнеше мәрте топ жарып,

орыннан көріне білдім. Екі кездесу өткізіп, екеуін де жеңдім. III орын үшін белдесуде қарсыласымды таза жеңдім. Ұлттық спорт – ата-бабамыздан қалған асыл мұра. Оны дәріптеу және жас буынға насихаттау – әрбір спортшының ба-

сты парызы, – деді Алик Бычков.

Айта кетейік, ел чемпионаты 17 қыркүйекке дейін «Туған-ел» спорт клубының базасында жалғасады.

Суретті түсірген автор

• ШАҒЫН ФУТБОЛ

«Тұлпар» қамшы салдырмады

Шағын футболдан 2026-2027 жылғы Қазақстан чемпионаты басталды. Биылғы маусымда ел біріншілігінде 12 команда бақ сынап, маусымның үздігін анықтамақ. Солардың қатарында Қарағандының намысын қорғап жүрген «Тұлпар» шағын футбол командасы да бар. Қарағандылықтар чемпионаттағы алғашқы кездесуін сырт алаңда «Атырау» клубымен өткізіп, алғашқы ойынында 3:2 есебімен жеңді. Ал, қарымта кездесуде қос команда 1:1 есебімен тең тарқасты.

Былтырғы маусымда «Тұлпар» ел чемпионатын 9-орынмен аяқтап, плей-офф кезеңіне өте алмаған. Ал, биыл қарағандылықтар жаңа маусымға тың серпінмен кірісіп отыр. Қос команда өткен

маусымда екі мәрте кездескен. Алғашқы ойында жерлестер 3:6 есебімен жеңілсе, қарымта матчта 3:3 есебімен тең түскен. Ал, 2025 жылы өткен төрт кездесудің барлығында да «Тұлпар» қарсы-

ласына есе жіберген болатын. Жаңа маусым алдында команда құрамын да күшейтті. Сапқа бірнеше жаңа ойыншы қосып, тактикалық тұрғыда да бірқатар өзгерістер енгізді. Жаттықтырушылар штабы ойын өрнегін жаңартып, команданың қорғаныс пен шабуылдағы үйлесімін жетілдіруге басымдық берген. Дайындықтың нәтижесінде «Тұлпар» маусымның алғашқы кездесуін жеңіспен бастады. Қазіргі таңда «Тұлпар» қоржынында төрт ұпай. Осы нәтижемен қарағандылықтар турнир

кестесінде алтыншы орында келеді.

Айта кетейік, биылғы чемпионаттың қорытындысы бойынша турнир кестесінде үздік нәтиже көрсеткен алғашқы сегіз команда плей-офф кезеңіне жолдама алады.

Енді қарағандылықтар қыркүйек айында тағы екі кездесу өткізеді. 19 қыркүйекте өз алаңында рудныйлық «Аят» клубын қабылдаса, 26-сы сырт алаңда елордалық «Astana» клубымен кездеседі.

Өз тілшімізден

• БӘРЕКЕЛДІ!

Көкпаршылар көш басында

Қарағанды облысының көкпар командасы «Asian Kokpar League» турнирінің жеңімпазы атанды. Үш айға созылған лига ойындарына алғаш рет қатысқан қарағандылықтар алғашқы маусымда-ақ жеңіс тұғырынан көрінді.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аталған лига ойындарына Қазақстанның әр өңірінен сегіз кәсіби команда қатысқан. Қатысушылар екі топқа бөлініп, өзара айналмалы жүйе бойынша бақ сынады. «Қарағанды» командасы «Б» тобында өнер көрсетіп, «Ақкөл», «Палуан Тұғыры» және «Қараөткел» командасымен кездесті. Топтық кезеңде үш ойында 9 ұпай жинаған жерлестер топты I орынмен аяқтап, жартылай финалға жолдама алды. Жартылай финалда Ақмола облысының «Құлатай» командасын 5:4 есебімен жеңді. Ал, финалда «Ақкөл» командасынан 6:0 есебімен басым түсіп, лиганың чемпионы атанды.

– Лига ойындары өте тартысты өтті. Мұнда осал қарсылас болған жоқ. Финалдық кездесуде «Ақкөл» командасымен жолықтық. Топтық кезеңде де осы командамен ойнаған едік. Ол кездесуде жеңіліп қалдық. Алайда, сол жолы алаңға команданың негізгі ойыншыларын шығармай, жастарды тәжірибе жинақтасын деген мақсатпен алып барған болатынбыз. Ал, финалда негізгі құраммен шығып, өз мүмкіндігімізді толық пайдаланып, жеңіске



жеттік. Ең бастысы – біздің жігіттердің астындағы аттардың барлығы өзіміздің таза қанды, қолтума сәйгүліктері, – деді Қарағанды облыстық көкпар федерациясының жетекшісі Нұржан Шайхин.

Турнир қорытындысы бойынша қа-

рағандылықтар топ жарса, «Ақкөл» II орын иегерлері атанды. Ал, ерейментаулық «Ақмырза» командасы үздік үштіктің қатарында.

Сурет Федерацияның әлеуметтік желідегі парақшасынан

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Отанды сүю – отбасынан

Отбасы күні аясында отбасы құндылықтарын дәріптеу, жаңадағы өзара сыйластық пен татулықты нығайту, балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау және қауіпсіз қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға бағытталған бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. Жаңа Майкұдық мәдениет үйінде отбасы құндылықтарын дәріптеуге арналған «Әуенді шаңырақ» атты отбасылық фестиваль өтті.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Мерекелік шараның шымылдығы әке мен бала арасындағы мейірім мен сүйіспеншілікті бейнелейтін әсерлі көрініспен ашылды. Сахна төрінде Айбар Жаңбырбаев пен оның ұлы Хансұлтан Айбарұлы «Ұлым менің» атты көрініс қойды.

Кеш бағдарламасында Айтболаттар отбасылық дуэті, Бакытжан Түсіпова

мен Мәри Серғазы, Айбар мен Гүлзат отбасылық дуэттері, Жәнібек Жұмаділдин мен Назгүл Мұқан отбасылық дуэті, Гүлхан Сатай, Еркебулан Елтай, Еркебулан Қали, Медет Кәрім сынды өнерпаздар қатысып, көрермендерге ән-жырдан шашу шашты.

Фестиваль соңында шараға қатысып, өнер көрсеткен өнерлі отбасылар мен өнерпаздар дипломмен марапатталды.

Сурет ұымдастырушылардан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Галия Боранқұлызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 - Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Үй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 250 №102 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ерік НАРЫН
